

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

Қ.Аралбаев

Әдеби байланыс
(қарақалпақ-қазақ әдебиеті)
(лекциялық курс)

Нөкіс-2008ж

Екі халық ауыз әдебиетіндегі байланыстар. Салт өлеңдеріндегі, эпостардағы ортақ сюжеттер.

Салт-дәстүр өлеңдері

Фольклор термині ағылшын тілінен алынған болып, сөзбе-сөз аударғанда халық даналығы, халық шығармашылығы дегенді білдіреді (folk-халық, loge-даналық) және ол халықаралық терминге айналып кеткен. Қарақалпақ тілінде фольклорды ауызекі әдебиет деген термин ретінде де қолданады.

Халық ауызекі сөз өнері бірнеше өзгешеліктерге ие.

Қарақалпақ ауызекі шығармашылығының ең көп тарқалған түрі-бұл халық өлеңдері. Олардың көпшілігі халықтың дүниетанымы, түсініктері, тұрмыс салты, салт-дәстүрлеріне байланысты шығарылады және атқарылады. Сондықтан фольклордың бұл түрі тұрмыс-салт жырлары деп аталады.

Салт-дәстүр өлеңдерін фольклор ғылымында негізінен екі топқа бөледі: дәстүр, ғұрып-әдеттерге байланысты өлеңдер және мезгілдерге байланысты өлеңдер.

Қарақалпақ халқының тұрмысында әртүрлі дәстүрлерге, ғұрып-әдеттерге байланысты өлеңдер көп болған. Солардан бірі қыз ұзату, келін түсіру мерекелерімен пайда болған өлеңдер. Бұлар: сыңсу, жар-жар, беташар өлеңдері.

Сыңсу. Қарақалпақ халқының дәстүрінде ұзатылып бара жатқан қыз ата-анасын, туған-туысқандарын, елін, ойнап өскен құрбы-құрдастарын қимай көзіне жас алып, сыңсып жылайтын болған. Осы мерекені орындау уақытында қыз тиісті айтымдарды айтып жылауы тиіс болған.

Қаладан алған ашар айнам,
Сындырмай қалай сақтайын.
Айналайын, жан анам,
Ақ сүтінді қалай ақтайын.
Шалқайып өскен шаңдағым,
Бұралып өскен босағам,
Туысқан-туған құрбылар,
Қош болыңдар көргенше,
Елі-жұрттым, ағалар.

Бұл ұзатылып бара жатырған қыздың қоштасу жыры болып табылады. Сыңсу өлеңдерінде қыздардың ата-аналарына, туылған еліне болған сүюшілік сезімдері, олардың ішкі дүниесі, қыздардың нәзік табиғаты терең лиризммен беріледі.

Жар-жар. Қыз ұзату дәстүрін орындағанда айтылатын айтымдардың бірі-бұл жар-жар. Ол да сыңсуға ұқсап, қоштасу мотивіне құрылады. Бірақ жар-жар өлеңінде қыздың тек қоштасу сезімдері берілумен шектелместен, оның өз тағдырына наразылық, өкініш сезімдері де беріледі. Мұның себебі өткен өмірде, рулық-патриархалдық құрылыста қыздарда таңдау еркіндігі болмаған, оның еркіне қарамастан ұзатылған. Сондықтан жар-жар өлеңдерінде қыздардың наразылық сезімдері көбірек берілген.

Өз әкемнің есігі жұпар есік жар-жар.

Кірсем-шықсам шашымды сипар есік жар-жар.

Қайнатамның есігі шеңгел есік жар-жар,

Кірсем-шықсам шашымды жұпар есік жар-жар.

Салт-дәстүр жырларының ескі түрлерінен бірі-**жоқтау**. Ол жақын адамдардың өлімін азалап, оларды соңғы сапарға шығарып салу мерекелеріне байланысты шығарылған. Жоқтауды ерте кездерде ақындық және атқарушылық өнері бар әйелдер айтқан. Жоқтауда өлген адамның жақсы жақтары айтылып, оны көктерге көтеріп мақтаған. Сондықтан жоқтауларда метафоралар, теңеулер, гиперболалар жиі-жиі қолданылған. Мысалы:

Қаршығам (метафора) түсті қалыңға,

Ішім бір толды-ау жалынға,-метонимия

Жалыным қашан сөнеді,
Кеше бір кеткен беглерім,-метафора
Елге бір қашан келеді.

Жоқтаулар тек марқұмдарды соңғы сапарға ұзатып салған күні ғана емес, ал оның қырқы, жүзі, жылы сияқты ас-су мерекелерінде де айтыла берген.

Қарақалпақ фольклорындағы жоқтаулармен қазақ, ноғай, қырғыз жоқтаулары генетикалық (келіп шығуы) жағынан бір-біріне үндес болып келеді. Себебі бұл халықтардың тұрмыс салты бұрын бір-біріне жақын болған.

Той өлеңдері

Салт-дәстүр жырларының бұл түрі халық тұрмысының көңілді кездерін танытытын болған, той мерекесімен байланысты шыққан Халық үй-шаңырақта болған әртүрлі қуанышты уақиғаларға байланысты ағайын-туған, құда-тамыр, дос-жарандарды шақырып, той беріп қуаныштарын бөліскен. Той беру дәстүрі барлық халықтарға тән ортақ құбылыс. Қайсы бір қуанышты уақиғаны рухани қадірият деп білсе, халық соған байланысты тойлар берген. Мысалы: қыз ұзату немесе ұлды үйлендіру тойлары әртүрлі өзгешеліктерімен барлық халықтарға тән болса, туған күнді той қылып белгілеу, юбилей тойларын беру көбірек Еуропа халықтарына тән болған. Тойдың мұндай түрлері XX ғасырдан бастап халықтар арасындағы қарым-қатынастардың күшеюіне байланысты Орта Азия халықтары тұрмысына да келіп кірген. Қарақалпақтарда қалыптасқан тойдың түрлері төмендегілерден тұрады: ұлды болғанда той беру, бесік той, тұсау кесу тойы, сүндет той беру, таза қонысқа келіп үйлі-жайлы болуымен той беру, келін түсіру, қыз ұзату тойлары т.б. Әрбір тойдың өзгешелігіне байланысты той өлеңдері атқарылған. Той өлеңдерінің ішінде той бастар және бет ашар түрлері көбірек тарқалған. Олар қазіргі заман тойларында да айтылады.

Той бастар

Тойға байланысты айтылатын салт өлеңдерінің бұл түрі келін түсіру дәстүрімен байланысты. Келінді алып келгеннен соң, оны бірден үйге кіргізбеген, ал тиісті қәделерін атқарып болып кіргізген. Бұл қәделердің бірі- той бастар айтымы. Оны ақындық ұқыбы бар адам айтатын болған. Той бастаушы кісі келіншекті және оның қасында ұзатып әкелген жеңгелерін ауыл-ел, той беріп жатырған үй мен қәделі айтымдар арқылы таныстырған, бас қосқандарға жақсы тілектер айтып, бақыт тілеген. Мысалы;

Гүл жамылған бойларыңыз,
Дұс келіпті ойларыңыз,
Жиналыпты қойларыңыз,
Құтты болсын тойларыңыз,
Бағында бұлбұл сайрасын,
Ошағында шай қайнасын,
Қазанында май қайнасын,
Құтты болсын тойларыңыз.

Беташар

Қарақалпақ халқында айтымдардың бірі –бұл беташар айтымдары. Беташар келін түсіру тойдың қәделі айтымдарынан.

Келін тойда қонақтар ішіп-жеп, ойнап-күліп болған соң той тарқатудың бір түрі ретінде беташар қәдесін тамашалаған. Келіншекті шымылдырықтан шығарып, ауыл-елге, қайын ата, қайын енеге, жасы үлкен, жасы кішіге тиісті айтымдар айтып, идіріп сәлем бергізген. Беташардың қызметі жаңа түскен келінді ауыл-ел, оның халқы, түскен үйімен таныстыру болған.

Келіншек келді көріңіз,
Көрімдігін беріңіз,

Құтты болсын келіншек,
Еңкейіп түскен еліңіз.

Беташарда елдің назарлы адамдарын, жасы үлкендерін үлгі етіп мақтайды, ал кейбір адамдардың мінез-құлқындағы, жүріс-тұрысындағы, тұрмыс қалпындағы кемшіліктер юмор-сатиралық суреттеулер арқылы өткір сынға алынады.

Қайын көрсе пышақтаған,
Ақша көрсе ұсақтаған,
Арақ ішіп, масс боп жүріп,
Жолда тұрған столбаны
Қатыным деп құшақтаған,
Сәлмен деген қайнаған,
Оған да берің бір сәлем.

Беташар айтымдары қазіргі заман тойларында да едәуір өзгешеліктерін бейнелеген жағдайда айтыла береді. Қазіргі заман бет ашарларында техниканың жетіскендіктері кең қолданылады. Мысалы, дауысты күшейтіп беретін техника аспаптары, әртүрлі музыкалық аспаптар пайдаланылады. Беташар айтымдарында халықтың этнографиялық тарихы, дидактикалық ой-пікірі бейнеленеді.

Дастандар.

Халық шығармашылығының көлемді және қызықты жанрларының бірі дастандар болып табылады. Дастандар жанрлық табиғаты және белгілері бойынша эпикалық түрге кіреді. Фольклор ғылымында халық дастандарын «эпос» деген терминмен де атайды. Мысалы; «Қырық қыз» эпосы, «Едіге», «Манас» эпосы, «Көруғлы» эпосы деп те атау мүмкін. Демек, дастан және эпос фольклор ғылымында синоним терминдер болып есептеледі.

Халық дастандарының сюжеті көбінесе өлең түрінде баяндалады, кейбір дастандарда өлең және қара сөзбен аралас баяндалады.

Халық дастандары алғашында шығармашылық талантқа ие жырау яки бақсы тарапынан пайда болады. Соңынан дастандар басқа атқарушылар тарапынан айтылып, ұрпақтан ұрпаққа өту барысында алғашқы шығарушылар ұмтылып кетеді және ұжымдық шығармаға, яғни халық (фольклор) шығармаларына айналады.

Түркі халықтарының дастандары саз аспаптары (қобыз, дутар, домбыра) жәрдемінде атқарылады. Дастандардың атқарушылары қарақалпақтарда жыраулар, бақсылар, өзбектерде, түрікмендерде бахшилар, ал қазақ халқында ақындар немесе жыршылар деп аталады.

Дастандардың жазба әдеби түрі де бар. Олар белгілі бір авторлар тарапынан шығарылып, жеке шығармашылық белгілеріне ие болады. Атап айтқанда, олар жазба әдебиет нұсқалары болып саналады, оларға соңғы ұрпақтар өгерістер, қосышалар кіргізе алмайды, бейнеленіп отырған уақиғаларға, персонаждарға жеке авторлық қатынастар, көзқарастар беріледі, авторлық проблемалар, идеялар бейнеленеді. Жазба әдебиет дастандары жеке авторлық стильге ие болады. Мысал; Фирдоусидің «Шахнама», Науайдың «Хамса», Дулаттың «Еспембет», Мұрат ақынның «Ер Шобан», Бердақтың «Ақымақ патша», А.Дабыловтың «Бахадыр» дастандары осындай қасиеттеріне ие.

Дастандар тақырыптық бағдарына, сюжеттік және идеялық мазмұнына қарай қаһармандық (батырлық) дастандар және ғашықтық (лиро-эпикалық дастандар) болып бөлінеді.

«Қырық қыз дастаны»

Дастан туралы қысқаша мағлұматтар. «Қырық қыз» дастаны қарақалпақ халқы ауызекі поэтикалық шығармашылығының құнды туындысы. Дастанды қарақалпақ жазушылары А.Бегимов, Ш.Хожаниязов және С.Мәуленовтар 1939-жылы белгілі қарақалпақ жырауы Құрбанбай Тәжібаевтан (1876-1958) жазып алған.

Құрбанбай жыраудың берген мәліметі бойынша «Қырық қыз» дастанын алғашқы рет жырлаған XVIII ғасырда жасаған қарақалпақ жырауы және ақыны - Жиен жырау. Одан соң дастанды XIX ғасырда Халмұрат жырау, Шаңқай жырау, Қазақбай жырау, Жиенмұрат жыраулар жырлаған.

Дастан бірінші рет 1949-жылы қарақалпақ тілінде басып шығарылды. Соңынан 1956-жылы қарақалпақ тілінде екінші рет шығарылды, көлемі 20000 жолға шамалас өлең қатарларынан тұрады. Бұл шығарма орыс тіліне аударылып, бірнеше рет басып шығарылды. (1949,1951,1952,1956,...) сондай-ақ ол өзбек, қазақ, қырғыз, түркмен тілдеріне аударылды және басып шығарылды.

«Қырық қыз» дастанының негізгі идеясы – туылған жерді, елді басқыншылардан қорғау, Отан тәуелсіздігі, ар-намысы үшін күрес. Дастанның барлық сюжеттік құрылысы, персонаждар тізімі, олар арасындағы конфликт, барлық қосымша эпизодтар осы басты идеяны ашуға қаратылған. Дастан басынан аяғына дейін Отан сүюшілік идеялармен толы.

Қысқаша сюжеті. Уақиға бұрынғы өткен заманда Түркістанда Саркоп деген қалада болып өтеді. Осы елдің белгілі адамы Аллаяр байдың жігерсіз алты ұлы және ер бала сынды, сұлу, ақылды Гүлайым атты қызы болады. Он төрт жасқа келгенде, оған жаушылар көбейеді, тіпті Аллаярдың қой шопаны, келбеті келіспеген Жұрын тазға дейін сырттан ғашық болады. Бірақ Гүлайым жаушыларды қайтарып жібереді. Ол қасына қырық қарулы қыз алып, Миуалы деген жерден қорған салдырып, қолдарына құрал алып әскери өнер үйрене бастайды.

Гүлайымның жоғында қалмақтың ханы Сұртайша Саркопты шауып, адамдарын тұтқын етіп айдап кетеді. Гүлайым қырық жауынгер қызымен Сұртайшаның ізінен қуады. Тауда алғашқы рет қалмақ әскерлерімен ұрыс болады. Дұшпан жеңіліп, өз қаласына барып тығылады.

Соғыстан соң дем алып жатырған Гүлайымға Хорезм батыры Арыстан кез келеді. Оның елін қызыл бастар елінің патшасы Нәдірша шауып кеткен еді. Арыстан Гүлайыммен бірге Сұртайшаға аттанады. Гүлайым Сұртайшамен жекпе-жек айқасқа шығып, оны жеңеді, залымның келлесін (басын) қылышымен қағып алады. Арыстан қалмақтың батыры Қарқашты, Гүлайымның батыр қыздарының бірі Сарбиназ қалмақ батыры Құнқарды жекпе-жек айқаста өлтіреді. Олар бірлікте қалмақтың қаласын бұзып, Саркопты, тұтқын бенделерді Сұртайшаның құлдығынан азат етеді. Түркістанға қайтып, ел-халқының ризалығымен Арыстан мен Гүлайым қосылып, неке тойын береді. Соңынан Арыстан, Гүлайым, Сарбиназ және аттанып, Хорезм халқын Нәдіршенің құлдығынан азат етеді. Нәдірше өзіне әйелдікке разы болмағаны үшін Алтынайды азаптап, Қорықты деген көлде мал соңына салып қойған еді. Батырлар Алтынайды да күндіктен құтқарып, аман-есен елге қосады. Түркістан және Хорезм елдері тәуелсіз болып, елде тыныштық орнайды, халқы бейбіт тұрмыста өмір сүре бастайды.

Гүлайым образы. Гүлайым - өз елінің тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен адал, батыр қыз. Басқа батырлық дастандарда әйел-қыздар батырдың жолдасы, ақылшысы болып бейнеленсе, «Қырық қызда» әйел-қыздар батырлық істерді тікелей өздері атқарады. Гүлайым тек қана ат шауып, қылыш сермеген көзсіз батыр емес, ол жыраудың суреттегеніндей «тұрқы сом алтыннан соққандай», «айсыз түнде далаға шықса, қараңғы үйге асыл гауһар құйғандай», елдің тілі-көзіне түскен сұлу, ақылды қыз. Ол елім деп жасайды, халқым деп күйеді. Гүлайым алты ағасының жігерсіз, болымсыз екенін, ел-халыққа пана бола алмайтынын аңдап, халқын сырт дұшпандардан сақтау үшін қырық батыр қызымен әскери өнер үйренеді. Сонымен бірге, батырлардың басшысы болып жетіседі. Дұшпанмен ұрыстарда үлкен батырлық және әскербасылық көрсетеді.

Жалпы алғанда, Гүлайым образы батырлар образдарының ішінде өзінің шынайылығы, терең халықтық, бейбіт идеялар сіндірілгендігімен айрықша.

Ұнамды образдар. Дастанда батыр Гүлайымның айналасына жиналған ұнамды кейіпкерлер бар. **Сарбиназ**-батыр қыздардың бірі, Гүлайымның ақылшысы, жақын сырласы және жауынгер жолдасы. Ол қырық қызды айналасына жиып, олардың тілектерін Гүлайымға жеткеріп отырады. Сарбиназ батырлықты Гүлайыммен тең тұрып орындайды.

Арыстан- Хорезм елін дұшпандардан біргелікте құтқарады. Арыстан және Гүлайымның жақындасуына, бірлесуіне олардың істері және мақсаттарының ортақтығы, тағдырларының ұқсастығы себеп болады. Дастанда Гүлайым және Арыстан бейнелері арқылы Түркістан және Хорезм халықтарының өзара жақындығы, достығы бейнеленеді.

Отбасқан- ел деп еңіреген ерлердің бірі, Түркістанның батыры. Саркоп үшін жан-тәнімен ұрысады, бірақ жаудың күші басым болып қолға түседі. Ол тұтқын кезінде таусылып, жаурамайды, бейбіт өмір үшін, тырысып, тырмысып үмітпен жасайды. Гүлайымның қырық қызы келгенде, ол қайтадан күшке толып қалмақпен ұрысқа шығады, халқының тәуелсіздігі үшін дұшпан қолынан қаза табады.

Дастанда ұнамсыз образдардың басында **Сұртайша хан** тұрады. Ол тыныш елді шабатын басқыншы, залым, тілі де, өзі де у шашатын адам. Оның мақсаты-басқыншылық жолмен мал-дүние жинау, өз салтанатын көтеру. Дастанда Сұртайша образы төмендегіше беріледі.

Саркоптағы халықтың
Еркектерін құл етіп,
Әйелдерін тұл етіп,
Нәрсе қоймай қолында,
Тартып алды малдарын,
Жай қалдырмай өртеді.

Бұл қатарлар мейірімсіз басқыншылардың келбетін анық көрсетеді. Бірақ әділ іс жеңіп, Сұртайшаның пайманасы толады, Гүлайымның қолынан әділ жазаланады, қаза табады.

Нәдірша образы. Нәдірша бейнесі де өзінің жасалуы бойынша Сұртайша образына жақын. Ол тыныш Хорезм елін шулатқан басқыншы, мейірімсіз патша. Бірақ Нәдірша Гүлайым және Арыстан бастаған әділ күштерге шыдам бере алмай, жермен-жексен болып қиратылды, Хорезм елі азаттық алады.

Дастанда Әшиє, Амангүл, Сайеке қақайлар Гүлайымнан дәмеленіп өзара сырттан таласып жүреді. Гүлайымның қолын сұрауға жүрексініп барған Сайекенің ісі келіспей таяқ жеп, атына теріс мініп масқара болып қайтады. Олар абыройсыз хан, бейдәулет адамдар. Сондықтан олар назарлы жігіт есебіне ілінбей, елге пайдасы жоқ бейталаптар қатарында жүреді.

Жұрын таз –Аллаяр байдың шопаны, көңілі таза емес. Өзінің шамасына қарамай, Гүлайымға ғашық болады, қалай болмасын Аллаяр байға күйеу болып, ақ отауда отырып еңбексіз, қамсыз тұрмыс кешіргісі келеді. Дастанда оның іс-әрекеті сатиралық тәсілде мысқылдап суреттеледі: «Қойларын ертеден қораға қамап, Шапанының жыртығын тебенімен жамап, Ақ таяғын ат қылып, Малақайын құс қылып, Тазы қылып итін, шыдап бұндай татауға, Аяқтары жарылып, Түнде түскен қырауға, Күйіп жанған Жұрын таз, Жетіп келді аптығып, Гүлайым жатқан отауға». Жұрын таз айлакерлікпен Гүлайымның атасы Аллаяр байды рухани жақтан қорқытып, қызын оған беруге көндіреді. Жұрынның «табысын» қызғанған Саеке қақай тойда оны пышақтап өлтіреді. Осылайша арам ниетті Жұрын таздың айлакерлік жолы іске аспай өмірі ада болады. Ұлтанның өлімі-жамандықтың жазалануына сенген халықтың арманы.

Дастанның көркемдігі. Сюжеті, композициясы (құрылысы) басқа дастандарға қарағанда біраз құрамалы. Онда параллел дамитын сюжеттер және кейіпкерлер образдары бар. Мәселен, Гүлайым уақиғасын Арыстан уақиғасы қатар өрбиді. Гүлайымның жұрты Саркопты қалмақтар шапса, Хорезмді қызылбастар шабады. Сұртайша және Нәдірше

образдарында да ұқсастықтар бар. Дастанда әрбір персонаждың атқаратын көркемдік қызметі бар. Дастан басынан аяғына өлеңмен шығарылған. Өлең қатарлары 7-8, 10-11 буынды болып келеді. Өлеңдері шұбыртпалы қатарлардан, сондай-ақ төрт қатарлардан тұрады. Ұйқастары халық өлеңдеріне сай, жақсы ысылған, ұйқастық дыбыстық заңдылықтарына бағындырылған.

Дастанда көркемдеу құралдары құнды пайдаланылған. Онда метафораларды, эпитеттерді, теңеулерді, гипербодаларды, литоталарды, мақал-мәтелдерді, афоризм сөздерді, әртүрлі көркем сөз тізбектерін жиі-жиі ұшыратуға болады. Олар тілдің образдылығын күшейтіп, образдың көркемдік дәрежесін арттырып тұрады.

Қорыта айтқанда, «Қырық қыз» қарақалпақ халқының дастаншылық өнерін көктерге көтеретін оригинал шығарма.

Ноғайлы дәуіріндегі ортақ байланыстар. Асан Қайғы, Сыпыра жырау, Қазтуған т.б.

Қарақалпақтар XIV-XVI ғасырларда Еділ (Волга) және Жайық (Урал) дариялары бойларында жасап, Ноғай ұйымы құрамына кіреді. Бұл құрамға қазіргі қазақтардың, өзбектердің, ноғайлардың, татарлардың, башқұрттардың ата-бабалары кірген. XV-XVI ғасырларда көшпелі қазақтар, өзбектер Ноғай ұйымының шығып, өз алдына ту көтеріп, орда дүзген. Қарақалпақтар да XVI ғасырдан бастап тарихқа қазіргі атауымен көріне бастаған.

XVI ғасырдың соңында ноғайлылардың әскербасы Ормамбет бидің тұсында Орайлық Азия далаларынан есеп-сансыз көшпелі жунғар (қалмақ) басқыншылары Еділ-Жайық бойларына желдей есіп келіп, ноғайлыларды тоз-тоз етіп жібереді. Ноғай ордасы біратала қирайды. Қарақалпақ әдебиетінде «Ормамбет би» толғауы осы тарихи уақиғаның көркем сәулесі ретінде көрінеді. Қарақалпақтар Түркстанға босып Сыр бойын жағалай қоныстанады. XVI-XVIII ғасырлар қарақалпақтар тарихының Түркстан дәуірі деп аталады. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап және де жагершіліктің салдарынан қарақалпақтар Сыр бойынан көтеріліп, бір бөлегі Ташкент, Ферғана айналасына, екінші бөлегі Бұхара, Самарқан айналасына үшінші үлкен бөлегі бұрынғы ата мекені Хорезм ойпатына Імударияның құяр аяғына, Аралдың түстік жағалауына көшіп қоныстанады. Жине жыраудың «Босқан ел» толғауы қарақалпақтардың осы соңғы босуының көркем сәулеленуі болып табылады. XVIII ғасырдың аяқтарынан қарақалпақтардың Хорезм дәуірі басталады.

Ноғай және Түркістан дәуірінде жоғарыда атап өтілген түркі халықтар бірге жасап, жақын мәдени қатнас құрғандықтан олардың ортақ болған толғаулар, термелер, батырлық жырлары (дастандар) шығарылады, оларды осы халықтарға ортақ жыраулар атқарады. Демек, бұл дәуірдегі сөз өнері естеліктерінің басым көпшілігі қарақалпақ, қазақ ноғай халықтарына ортақ болып саналады. Соның үшін бұл дәуірдегі әдеби мұралар қарақалпақ әдебиетінің сағалары болып та табылады.

Бұл дәуірдегі көркем сөз нұсқалары ауызекі шығарылған, жазба нұсқалар қалмаған. Шығарушылар негізінен жыраулар болған. Халық ішінде аты шыққан абыройлы жыраулар үздері шығарған терме, толғаулар, дастандарға авторлық иелік етуге ұмтылған, шығармаларын меншіктеп өз аттарымен мұра етіп қалдырған. Олардың шығарған шығармаларын халық жадына сақтап, бізді күндерімізге дейін жеткізген. Бұл фольклорлық коллективтік шығармашылықтан жеке шығармашылыққа өтудің алғашқы белгілері еді. Осы белгілерге қарай зерттеушілер Ноғайлы және Түркістан дәуіріндегі поэзия шығарушыларын жырау-ақындар деп атайды. Солай етіп XIV-XVIII ғасырларда жырау-ақындар мектебі қалыптасады және дамиды. Бұл мектептің ірі өкілдерінен Соппаслы Сыпыра жырауды (XIV ғасыр), Асан Қайғы жырауды (XV ғасыр), Доспанбет

жырауды (XVIII) ғасыр атап өтсек болады. Бұл жырау-ақындардың әрбірінің атына таңылып жүрген термелер, толғаулар бар. Олар жырау жасаған заманның тарихи уақиғаларын, қоғамдық өзгешеліктерін көркем бейнелейді. Сондықтан бұл жырау-ақындардың терме-толғаулары жөнінде мағлұматтар және талдаулар беріп өткен мақұл болады.

Соппаслы Сыпыра жырау. XIV ғасырда жасаған ұлы жырау. Тоқтамыс хан **сорамы** Алтын ордада, Едігенің сорамы Ноғай ордасында, Әмір Темір сорамы Үргеніш айналасында жырлаған. Қарақалпақ жырауларының түп атасы саналады. Сыпыра жыраудың атына «Бабаңмын», «Мен жырауым, жырауым» толғаулары «Бір дегенде не жаман» деп басталатын терме тиісті. Сондай-ақ қарақалпақтардың сүйікті дастаны «Едігені» бірінші шығарған және жырлаған Сыпыра жырау деген шамалаулар да бар. Оның өмірі және шығармашылығы туралы тарихи деректермен делелденген анық мағлұматтар жоқ. Ол туралы мағлұматтар мағлұматтар халық аузынан жазып алынған фольклорлық деректер болып табылады.

Сыпыра жырау «Бір дегенде не жаман?» термесінде көпті көрген қария тілінен тыңдаушыларға насихат айтады. Халықтың этикалық түсініктері негізінде жүріс-тұрыс, әдептілік дәстүрі туралы ой жүгіреді, жақсылық және жамандық жайында тыңдаушыларға ой тастайды. «Бабаңмын» толғауында Шыңғыс ханнан беріде өткен ірі басты хандарға сипаттама береді, өзіне замандас хандардың әлсіздігін, сұраған еліне азап беретін болымсыз саясатын жариялайды.

Қозғалаң салған жұртына,
Жесір қатын, жетім ұл,
Тыңдамай дадын жылатқан,
Шайтан жолдан азғырған,
Нәтижесін сұрасаң,
Сіздерді көрген бабаңмын.

Асан Қайғы XV ғасырда жасаған жырау-ақын. Халық тағдырын ойлап, халық мүддесі деп күйіп-жанғаны үшін халық арасында Асан Қайғы деп аталып кеткен. Төмендегі үзінді бұның куәсі бола алады.

Құйрығы жоқ, жолы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер?
Хан мен билер қысқанда,
Халық қайтіп күн көрер?

Асан Қайғы Еділ бойында туылып, Жәнібек ханның (XV ғ) тұсында жасаған және шығармашылық еткен. Оның жырлары мазмұны терең, тілі өткір болып келеді.

Қымыз ішіп қызынып,
Қызараңдап терлейсің.
Өзіңнен басқан, хан жоқтай,
Еліріп неге сөйлейсің.
Халқың қайтіп шыдайды,
Жағдайсыз келген бұл іске,
Орынсыз келген салықтан,
Қазынаңды толтырдың,
Алтын менен күміске.

Бұл тікелей Жәнібек ханның өзіне қаратылған сөздер. Ол замандарда (XIV-XVI ғ.ғ) хан ордасында жырауларды жырлатып тыңдау үрдіс болған. Көптеген жыраулар ханды және оның тұтымын көзсіз мақтап ханнан сыйлықтар алып тұрған. Асан Қайғы Жәнібек ханның ақылшысы, сарай адамы болған. Бірақ Асан Қайғы сарай мүддесімен халық мүддесін айырып отырған, халық жағында болған, себебі ханның күні халықпен екенін жақсы түсінген. Жоғарыдағы толғауда Асан Қайғы қаттылығы және мейірімсіздігімен аты

шыққан Жәнібек хан алдында тайсалмай сын сөздер айтады. Халыққа жайсыз салық салу саясатын жариялайды.

Жалпы Асан Қайғы толғауларында және термелерінде терең мазмұнға ие халықтық насихат айтылады, өткір әлеуметтік мәселелер көтеріледі.

Доспанбет жырау (XVI ғасыр). Бұл жырау шығармаларында Ноғай Ордасының ыдырап, ноғай сұлтандарының ала ауыздығы, өз ара жанжалдары, қиян-кескі ұрыстары сезіледі, феодалдық бытыраңқылық, ала ауыздық мәселелері көтеріледі. Доспанбеттің өзі де жауынгер (батыр) жігіт болған, феодалдық ұрыстардың тікелей қатынасушысы болған. Оның көпшілік толғауларында феодалдық жанжалдардың тоқтап, тыныш күндердің орнап, бейбіт тұрмысты аңсау мотивтері басты орында тұрады.

Айналып аққан, Ақ Жайық
Ат салмай өтер күн қайда?
Есігі биік боз орда,
Еңкеймей өтер күн қайда?
Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынына ат байлап,
Боз орданың төрінде,
Қыз баланың қолынан,
Қымыз ішер күн қайды?

Мүйтен жырау (XVII ғасыр). Түркістан дәуірінің жырау-ақыны. Сығанақ қала айналасында жасаған. Түркістан дәуірінде Сыр бойын жайлаған қарақалпақтар Бұхара хандығына қарасты болған. Мүйтен жырау толғауларында қарақалпақтардың бұрынғы мекені Еділ-Жайықты есіне алу, Ноғайлы дәуірін аңсау мотивтері сыр шертеді. Мысалы; «Мен Мүйтенмін, Мүйтенмін» деп басталатын толғауында бұл мотивтер анық көрінеді:

Еділден жүзіп өтемін,
Еліме барып жетемін.
Жайықтан жүзіп өтемін,
Жайлауыма жетемін.
Ер Едіге тұсында,
Бабам қайсар ер еді.
Нұратдин тұсында,
Батыр ноғай дер еді.

Мүйтен толғауларында жырау-ақындар шығармашылығына тән дидактикалық тақырып басым тұрады, сондай-ақ өткір әлеуметтік, феодалдық ала ауыздық анық көзге тасталады.

Өткінші мынау дүниеде,
Малы көп адам бай болар.
Қарсылық қылған қара халық,
Қамшы менен и болар.
Соғыс болса арада,
Неше қатын тұл болар.
Еріншек болса ұлыңыз,
Жау алдында құл болар.

Бұл толғауларда үлкен мүлік иелері мен мүліксіздер арасындағы қарама-қарсылық, феодалдық жанжалдар, ұрыстар нәтижесінде халықтың шегетін зәбірі ашық айтылады және түзімге тән мұндай социалдық жағдайлар өткір сынға алынады.

Жиен жырау Амандықұлы (1730-1784)

Жиен жыраудың өмірі және шығармашылығы қарақалпақ халқының XVIII ғасырдағы тұрмысымен тығыз байланысты. Сондықтан Жиен жырау XVIII ғасыр қарақалпақ халқының тұрмысы, тарихи тағдыры туралы көптеген толғауларды мұра етіп қалдырған. Бұлардың «Лағым», «Бер түйемді». «Қош болың, достар» сияқты кіші толғауларында жетіспеушілік, кедейшілік, адамдарға зорлық, басым өткізу сияқты әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік жағдайлары ашықтан-ашық жарияланады. Сондай-ақ «Айырша», «Айтпасам болмас», «Алды-артым биік жар», «Хан қасында төрелер» кіші толғауларында да заман қысметін, халықтың басына түскен мұң-шерін, ауыр әлеуметтік жағдайын оның жанашыр бір перзенті ретінде өктем дауыспен жырлайды.

Дегенмен, оның негізгі шығармалары-классикалық поэзияның үлкен және бағалы естеліктерінен саналатын «Босқан ел» және «Ұлы тау» толғаулары. Жиен жыраудың бұл шығармаларының негізінде тарихи уақиғалар жатады.

«Босқан ел» толғауында қарақалпақ халқының Түркістаннан Хорезмге көшу уақиғасы бейнеленеді. XVIII ғасырдағы бұл қарақалпақ жырауы жаугершілік, бүлгіншілік себепті жүз берген тарихи жағдайларды эпикалық тәсілмен суреттейді. Бұнда уақиға және персонаждар объектив (сырттан) суреттеледі. Осы жақтарымен «Босқан ел» толғауы XVI ғасыр қарақалпақ әдебиетіндегі «Ормамбет би» толғауына ұқсап кетеді. Тап осындай тарихи уақиғалар, мысалы XIX ғасырдың орталарында қарақалпақтар тарихында болып өткен Бозатау уақиғасы Әжінияздың «Бозатау» өлеңінде беріледі. Әжінияздың бұл шығармасында қорғансыз қалған қарақалпақ ауылдарына түрікмен әскерлерінің шабуылы, елдің босып бүлгіншілікке ұшырауы лирикалық тәсілмен берілсе, Жиен жырау толғауларында XVIII ғасыр тарихи уақиғалары эпикалық тәсілмен беріледі. Демек, «Босқан ел» толғауы қарақалпақ сөз өнерінде белгілі тарихи жырлардың бірі.

Толғау деп аталатын жырлардың кейбіреулері едәуір көлемді болып, шағын дастандарға сыйып отырады. Мысалы; Жиен жыраудың «Ұлы тау», «Босқан ел» шығармалары толғау деп аталады. Оларда өз басталуына, дамуына, шарықтау шегіне ие эпикалық сюжет бар, сондай-ақ эпикалық персонаждар әрекет етеді. Сонымен бірге, бұл шығармаларда жыраудың «мені» арқылы лирикалық шегіністер де беріледі. Мысалы; «Босқан ел» шығармасындағы бір үзіндіге зер салайық:

Ал жігіттер, мен сорлы,
Босқан елдің ішінде,
Қобызымды қолға алып,
Қайғылы саз шертемін.
Қалайша ренжімейін,
Қобызымды не үшін,
Қайғылы қылып шертпейін,
Мына өлген жас жандар,
Мына өлген аналар,
Анау өлген аталар,
Көздерін қарға шоқиды,
Таппаған соң паналар.

Бұл жыраудың ішкі толғаныстарын, көңіл күйін беретін лирикалық шегініс. Демек, бұндай толғауларда эпикалық сюжеттер араласып келеді. Осы себептен болса керек, бірнеше әдебиетшілерміз (А.Каримов, С.Ахметов, К.Мамбетов) Жиен жыраудың «Ұлы тау», «Босқан ел» толғауларын қазіргі заман терминімен поэма деп атайды және эпикалық шығарма ретінде талдайды.

Қарақалпақ халқының тарихында өте ауыр кешкен уақиғалардың бірі-олардың Түркістаннан Хорезмге көшуі болды. Бүлгіншілік үстіне «жол азабы, көр азабына» тең болып халық қатты қиыншылық көрді. Жиен жырау босып көшкен халықтың ішінде болып, бүлгіншілік және жол азабын халықпен бірге басынан кешірген. Шығарманың

негізгі кейіпкері – Жиен жырау өз кезінің алдыңғы қатардағы ой-пікірлі адамы болғандықтан, сол дәуірдің ең маңызды тарихи және әлеуметтік мәселелерін жырлаған демократ ақын. Оның «Босқан ел» толғауы жаугершіліктің салдарынан ата-мекенін тастап көшкен қарақалпақ халқының Түркістаннан Хорезмге көшіп келіп жайласуымен аяқталады. Ақын ащы және тарихи тұрмыс шындығын бұрмаламастан, реал суреттеп береді. Сондықтан «Босқан ел» толғауы XVIII ғасыр қарақалпақ әдебиетінің жарқын естеліктерінен бірі болуымен қатар қарақалпақ халқы тарихын толықтыратын бағалы тарихи дерек болып табылады. Жиеннің өзі де толғаудың бір персонажы ретінде сюжеттің бастан соңына дейін қатынасып барады. Босу салдарынан ол көрген ауыр азаптар, күнәсіз өлген жас жандар, қария ата-аналар ақынның қаабырғасын қайыстырып, жүрек-бауырын езіп, қатты қиналдырады.

Ата жұрты Түркістан,
Өмірлік жайлау болмады,
Күні-түні жиналып,
Он екі айда тапқаны,
Қыс азыққа жетпеді,
Тамтар болды сулары,
Ексе егін бітпеді,
Жаугершілік көп болды,
Сансыз адам қырылып,
Қарға жеген өлікке,
Жылға сайлар топ болды,
Күнәсіз келле кесілді,
Ақ денелі арудың,
Бұрымдары есілді,
Сағираның қандары,
Су орнына төгілді,
Жол жүруге жарамай,
Жасы қайтқан қариялар,
Бүгілген белі аналар,
Жолда қалды көмусіз,
Көшкен көшке ере алмай,
Далада қалды көмусіз,
Қызыл құмды аса алмай.

Бұнда ақын сол халық басына түскен ауыр күндерді мұнды толғаныстар арқылы ашып береді. Бұнда жырау-ақынның эпикалық талантымен бірге лиризмді қолдану шеберлігі де көрінеді.

«Босқан ел» шығармасының басты персонаждарының бірі-қыз Мінайым образы болып бейленеді. Панасыз қалған жас өспірім қыз Мінайым босқан елдің көшіне кейде ілесіп, кейде қалып қойып, жәрдемге мұқтаж болады. Жиен бұл жетім қыздың тағдіріне араласып, ол үшін көп азап шегеді., ауыр жағдайларға дұшар болады. Соған қарамастан ақын қараусыз жетім қызға қолдан келген жәрдемін беріп отырады. Жиен жолда Мінайыммен құмдарды асып, көшін түсіріп жатырған бір байдың үстінен шығады. Аш адамдар өздерінің қиын жағдайларын білдіріп, байдан нан сұраса, ол бұларға адамгершілік етіп жәрдем берудің орнына ауыр азап береді:

Быдым-быдым бет аузы,
Бір баласы бар екен,
Отыр екен төрінде,
Тамақ ішіп тамсанып,...
Қасымдағы жетімге
Қарады да жұтынды,
Маған айтты жекіріп,

Тойғаннан соң тамаққа,
Қайта-қайта кекіріп,
Маған Бер мына қызыңды,
Әйелдікке аламын,
Жаман болса негізі ,
Қой соңына саламын.

Солай етіп есерсоқ бай баласы жас өспірім қызды тартып алады, оны қорғамақшы болып қарсылық білдірген Жиенді таяқтап жығады.

Шығармада жетім қыз Мінайымның басына түскен ауыр сауда эпизоды акын бейнелеген сюжетті, образдарды жан-жақты ашып береді.

Жиен жыраудың толғаулары қарақалпақ халқы өтмішінің куәсі, «Ұлы тау» толғауындағы негізгі сюжете ел билерінің ала ауыздығы нәтижесінде халық қорлық көреді, ел бүлініп берекеті қашады, билердің бір-бірінен өш алу үшін болған өзара жанжалдары бітпейді. Елдегі бұндай ауыр саяси және әлеуметтік жағдайларды Жиен жырау тыныш тұрмыс кешіруді қалайтын бұқара халықтың жақтаушысы болып жырлайды.

Алды-артым биік жар екен,
Хандардың пейілі тар екен,
Байлар мен билердің,
Еткен залымдығынан,
Жаз күндерім қар екен.
Нан табалмай адамзат,
Қапылған қара заманда,
Иттен бетер хор екен.
Теңдік жетпей басына,
Іші дертке толы екен.
Қайда барсаң аышқ жоқ,
Құрулы тұрған тр екен.
Жетім-жесір шулаған,
Бір тістем нанға зар екен.

«Ұлы тау» толғауы акынның «Босқан ел» толғауының идеялық жалғасы ретінде болып, онда хандардың бай және билердің халыққа жасаған зұлымдығы, оны жөнсіз тонауы, табиғат қиыншылықтары себепті елдің бүлініп босқаны бейнеленеді. Жалпы алғанда, «Ұлы тау» шығармасы қарақалпақ халқы тарихының өте ауыр күндерінің куәсі болып табылады.

Акынның «Босқан ел», «Ұлы тау» толғаулары қарақалпақтарды ата жұрты Түркістаннан Сырдарияның аяғы, Қуандария, Жаңадария бойларынан көтеріліп, бұл жерлерден босып Хорезмге, яғни, қазіргі жасап жатырған жерлеріне келгеннен кейінгі бір ғасырлық дәуірдің көркем сәулесі болып табылады. Бұл шығармаларда ол қандай да қиыншылыққа, бүлгіншілікке, босқыншылыққа, жауыздық және теңсіздікке ұшыраған елдің мұң-шерін, армандарын ортақтасады. Оның барлық шығармаларында патриоттық, гуманистік идеялар бенйленген Жиен жыраудың «Босқан ел» және «Ұлы тау» толғаулары қарақалпақ халқының тарихын, тағдірін, оның өз бетінше халық болып және басқа халықтармен тең болып жасау мәселелерін ортаға тастауы жағынан да маңызды.

Солай етіп, XVIII ғасырдың орталары және екінші жартысында жасаған Жиен жыраудың шығармашылығы XIV ғасырдан басталатын қарақалпақ жыршы-ақындары болған Соппаслы Сыпыра жырау, Асан Қайғы жырау, Доспанбет жырау, Мүйтен жыраулардың поэзиясын және көркемдік жақтан және тарихи жақтан қорытындылайды. Жиен жыраудың шығармашылығы XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қарақалпақтардың қоғамдық тұрмысын, олардың Сырдария бойларынан бұрынғы тарихи Отаны Хорезм алабтарында көшіп қоныстануы сияқты үлкен тарихи уақиғаны суреттейді. Сондай-ақ Жиен жыраудың ұлы талант және алдыңғы ой-пікір иесі болғандықтан өзінен

бұрынғы жыршы-ақындардың поэзиясын ең биік шыңға көтерді, оны жаңа поэтикалық формаларда шығарған XIX ғасыр қарақалпақ поэзиясына тарихи, идеялық, көркемдік жақтардан ұштастырады. XIX ғасырда жасаған қарақалпақ ақындары Күнхожа, Әжінияз, Бердақ, Өтеш т.б. XIV-XVIII ғасырлардағы жыршы-ақындарға қарағанда басқаша тарихи және әдеби жағдайларында жасады және шығармашылықпен шұғылданды.

XIX ғасыр әдебиетіндегі әдеби байланыстар сипаты. Күнхожа, Әжінияз, Бердақ шығармашылықтары және қазақ әдебиетімен байланыс көріністері.

Күнхожа Ыбырайым ұлы (1799-1880)

Күнхожа Ыбырайымұлы -- XIX ғасыр қарақалпақ поэзиясының көрнекті өкілі. Халықшыл, реалист ретінде де өзіне замандас және өзінен соңғы халықтық, демократиялық бағдардағы қарақалпақ ақындарының ұстазы ретінде оның қарақалпақ әдебиеті тарихындағы қызметі айрықша. Ол қарақалпақ халқының Хорезм ойпатына келіп, Хиуа хандығы қол астына қараған жаңа дәуірдегі тұрмысын, жаңа тарихи жағдайларға, қоғамдық және әлеуметтік өзгерістерге байланысты қарақалпақ халқы санасындағы жетіліскен және әлеуметтік теңдікке ұмтылу сезімдерін бірінші болып жырлаушы ақын.

Күнхожа шығармаларының ықпалында қарақалпақ поэзиясының қоғамдық және тарихи мазмұны айрықша өткірлесті, оның тұтас халыққа тиісті ұлттық белгісі және жазба әдебиетке тән характері айқын қалыптасты. Сондықтан да әдебиет тарихшылары Күнхожаны қарақалпақ жазба әдебиетінің негізін салушы деп есептейді.

Күнхожа қарақалпақ халқы тарихындағы жаңа қоғамдық қатынастар қолайлығында ғана емес, ал халықтың ұлттық, әлеуметтік рухани санасының өсуі қолайлығында да жасады. Ақын жасаған XIX ғасырдың орталары және екінші жартысында Хиуа хандығында саяси және қоғамдық тұрмыс тұрақты болмады. Халықтың басым көпшілігі кедей, жарлы тұрмыс кешірді. Сонымен бірге, ірі феодалдар материалдық байлықтың үлкен бөлегін өз қолдарында ұстады (жер, су, өндіріс құралдары, малдар, жайлаулар т.б.). Нәтижеде қоғамда үлкен әлеуметтік айырмашылықтар, осы негізде қоғамдық әділсіздік пайда болып тұрды. Ірі мүлік иелерінде байлыққа көзсіз ұмтылу, ашкөздік, әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлмеу жағдайлары әрқашан болып тұрды. Бұл жағдайлар туралы Күнхожаның «Орақшылар», «Шопандар», «Күн қайда», «Неге керек», «Жетімнің ақысын жеп қойма», «Елменен», «Заман» лирикалары анық куәлік береді. Мысалы:

Қарап тұрсаң бұл заманға
Сондай жайсыз шыбын жанға,
Жылға, сайлар толды қанға,
Әлеумет бұл қандай заман?

(«Заман»)

Күнхожа поэзиясын қарақалпақ әдебиетіндегі демократиялық ағымдардың түп сағалары сипатында қарауға болады. Ол тұрмыстың нағыз қара қазанында қайнап піскен, өмірі халықпен араласып өткен, терең білімді ақын. Оның өлеңдерінің көпшілігі өзі көрген ауыр тұрмысты, сол дәуірдегі кәсіп иелері және диқандардың қиын күн көрісін сәулелендіруге арналған. Мысалы:

Иығында күндік шапаны,
Қамысқа тырналып саны,
Әрқашан қиналып жаны,
Атызда жүр орақшылар. («Орақшылар»)

Күнхожа реализмінің күші бәрінен де бұрын XIX ғасырдың қарақалпақ қоғамының тұрмысын белгілеуші саяси маңызы-әлеуметтік теңсіздікті, қоғамдық топтар арасындағы қарама-қарсылықты ашып беруде көрінеді. Жалданбалы еңбек адамдарының ауыр жағдайын, құқықсыздық жағдайын, далбаса өмірін суреттеуге ақын көп көңіл бөлген. XIX ғасырдағы халық өмірінің үлкен бір шындығы болған жалданбалы еңбек адамдарының өміріне айрықша көңіл бөлуі де Күнхожаның өз заманының реалист ақыны болғандығын айқын дәлелдейді.

«Шопандар» деген өлеңінде ақын күндіз-түні тынымсыз қос айдап, өркеш-өркеш құмдарды жалаңаяқ аралаған, дүниенің барлық рақатынан бос қалған, елсіз құты қашқан құла түзде жүргендіктен аяқтары тілім-тілім болып, беттері торланып кеткен, топыраққа былғанып, шаң жұтып, ыстықта да, суықта да ай далада төсексіз жатқан, көз жастарымен Қызылқұмды сел қылған шопандар тұрмысының аянышты көрінісін шеберлікпен суреттейді.

Қайнаған ыссыда құмдарды басып,
Алаңдап көздері, ақылдан сасып,
Қойы жайылғанда арқасын қасып,
Күні үшін жүрген кәріп шопандар.
Кімінің арқасын таяқтар тілген,
Біразының қолы оттарға күйген.
Жасы жетпей қыпша белі бүгілген,
Сансыз қой соңында жүрген шопандар.

Бұл өлеңде қоғамның әлеуметтік жақтан қорғалмаған еңбекші топтың хал-жағдайы реалистік бояулармен көрсетіледі. Өте ауыр жағдайда қой баққан шопандардың еңбек ақысы да көбінесе дұрыстап берілмей қалады.

«Ұмытпаспын» өлеңінде Күнхожаның қоғамдық, саяси, жеке өзіндік көзқарастары байқалады. Бұл өлеңде ақынның өзі жасап тұрған саяси тұтымға қатынастары, қаһарлы патша туралы халықтық идеяға сүйенген пікірлері беріледі:

Үш ағаш тұр кең майданда,
Орналасып қызыл қанға.
Қиылып және шыбын жан да,
Тұрғандарын ұмытпаспын.
Адам өлген жайып құшақ,
Көздің жасы моншақ-моншақ.
Қолдарында өткір пышақ,
Жендеттерді ұмытпаспын.

(«Ұмытпаспын»)

Халықтың аянышты тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік тақырыптары ақынның «Жарымадым», «Менің балам», «Жарандар», «Арманда», «Болар ма екен», өлеңдерінде де кең сәулеленген. Жалпы айтқанда, Күнхожа ел-халықтың мүддесін, еңбек адамының мұңын жырлайтын халықшыл демократ ақын болды. Күнхожаның халықтық, демократиялық идеяларға толы шығармалары өзіне замандас және соңғы дәуірдегі қарақалпақ ақындары үшін көркем-идеялық тәжірибе, үлгі болды.

Әжінияз Қосыбай ұлы (1824-1878)

Әжінияз – XIX ғасыр қарақалпақ әдебиетінің классиик ақыны. Қарақалпақстанның қазіргі Мойнақ ауданы аймағында орта шаруалы шаңырақта дүниеге келген. Алғаш мешітте сауат ашқан, ауылдық медреседе оқыған. Соңынан Орта Азияда белгілі оқу орындарынан болған Хиуадағы Құттымұрат інақ және Серғазы хан медреселерінде білім алған, дін ғылымының жетік маманы болып шыққан. Еліне келіп мешітте білімдендіру

жұмыстарымен шұғылданған. Соңынан Кіші жүз қазақтары арасында болып, Мырза Қожбан деген ірі феодалдың демеушілігінде мешіт ашып бала оқытқан. Тұрмыстың түрлі қиыншылықтарын басынан кешірген. Өз заманының терең ой-пікірлі, жетік білімді Адамы болған. Әжінияз өз өлеңдерін Зиуар деген атпен жазған. «Зиуар» сөздік мағынасы бойынша «сұлу, белгілі ақын өзінің шығармаларына шын атын емес, псевдоним яғни ақындық атын қойып жазған. Мысалы:

Зиуарың қоштасар қадіріңді біліп,
Көзін жасартып, бауырын тіліп.

Әжінияз ақынның шығармашылық мұрасы негізінен лирикалық өлеңдерден тұрады. Олардың тақырыбы әртүрлі: Отан тақырыбы, социалдық тақырып, дидактикалық тақырып, философиялық тақырыптағы өлеңдер, махаббат өлеңдері т.б.

Отан туралы өлеңдері. Әрбір көрнекті ақын өзінің туылған жерін, елін сүйеді, оларды ақындық шабытпен жырлайды. Әжінияз да өзінің туылған жерін шын жүрегінен сүйді және жырлады. Отан тақырыбы оның поэзиясының өзекті тақырыбынан болды.

Өтірікті рас етіп айтпаған,
Дұрыс жолдан бас кетсе де қайтпаған,
Намахрамды тіпті жолдас етпеген,
Аты қарақалпақ елдерім барды.

(«Елдерім барды»)

Бұл өлеңдер лириканың суреттеу (мақтау, арнау) жанрында жазылған. Оларда ақын қарақалпақ елінің жақсы жақтарын көтеріңкі, мақтаныш сезімдерімен жырлайды, оның рухани кемелге еріскен ғұламаларын (арифтерін, жетік пірлерін), қарақалпақтардың халықтық характерін, түрлі аңдарымен жемістерін, әдепті және сұлу қыздарын, «орұғлыдай батыр жігіттерін, ел басқарған атақты билерін терең құрмет және сүйіспеншілікпен мақтайды, солар арқылы бүткіл қарақалпақ елінің атын көтереді.

Туған елді, ата-ананы, ұл-қызды, достарды сағыну сүю, оларға садықтық сезімдері, бір сөзбен айтқанда Отанды сүю мотивтері Әжінияздың «Бозатау», «Бар ма екен?», «Шықты жан», «Сәлем дегейсең», «Жақсы», «Әжінияздың қыз Меңешпен айтысы» шығармаларында айқын сәуленген. Жалпы Әжінияз поэзиясында Отан тақырыбы белгілі бір көркем концепсия, идея ретінде (Отанды сүю, патриотизм түсініктерінің системасы, түзімі ретінде) көтеріледі және сәуленеді.

Әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері. Әжінияз шығармашылығының белгілі бір бөлегін әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері құрайды. Ақын оларда заман теңсіздігін, халықтың әлеуметтік қиын жағдайын, әділетсіздіктерді жасырмай көрсетеді, зорлықты, басшылардың жағымсыздығын, өктемдікті т.б. ұнамсыз құбылыстарды өткір сынайды.

Өмірінше жарымай пұлға,
Әрқашан баспай ісі оңға,
Сор қайнаған сорлы құлға
Жанап-жаснар заман керек.

(«Керек»)

Құдайым сақтасын залым патшадан,
Тілегінді тіле ұлы құдадан.

(«Болмаса»)

Бұл өлеңдерде лирикалық кейіпкердің заманға, қоғамдық ортаға, елді басқарған әмелдар басғыларға деген ызасы, тұрмыс тәлкегінен, әлеуметтік әділсіздіктен пайда болған қиналу, мұңға толы сезімдері реал суреттелген.

Дидактикалық лирика. XIX ғасырдағы қарақалпақ ақындары, соның ішінде Әжінияз ақыл-насихат толғауларын өз алдына лирикалық жанрға айналады. Қарақалпақ ақындары халық халық дидактикалық поэзиясының, Хожа Ахмет Яссауидің, әсіресе Мақтымқұлының дидактикалық жанрдағы жетіскендіктерін шығармашылықпен игерген. Олар өз өлеңдерінде өздерін қоршап тұрған орталықтың, конкрет тұрмыстың талаптарына сай қоғамдық қоғамдық тәртіптер, тұрмыс-тіршілік жағдайлары, ғылым-білім, тәлім-

тәрбие мәселелері жөнінде ой-пікір жүргізеді, оларды жастарға ұғындырады, көпшілікке насихат етеді.

Кісінің жарына күліп баққаннан,
Шыбын жаның ғашық отына жаққаннан,
Өз бойына түрлі насақ таққаннан,
Өз жарыңның тәрбиесін бер жақсы.

(«Жақсы»)

Бұл өлеңдерде ел басшысының мемлекеттік борыштары, ел азаматтарының бұқаралық, адамгершілік міндеттері, жеке адамның мінез-құлқы, өзін тұту, жүріс-тұрыс әдебі, сондай-ақ жұбайлардың парыздары мәселелері көтеріледі, олар қоғамдық тәртіптер, азаматтық парыздар, шариғат заңдылықтары көзқарастарынан бейнелейді. Әжінияздың «Болурму», «Айрылса», «Керек», Бәрше бірдей болған екен», «Хар кимсаның яры болса» т.б. өлеңдерінде де адамның қоғамдағы орны, жүріс-тұрысы, әлуметтік әділдік, қайырымдылық, жақсылық және жамандық, мейірімділік, зұлымдық мәселелері дидактикалық көзқарастардан суреттеледі.

Философиялық лирика. Философиялық лирика дегенде жаратылыс, қоғам және ондағы құбылыстар, інсан және олардың пайда болуы жөнінде, адамның қоғамдағы орны және қызметі туралы ой-пікірлермен суарылған өлеңдерге айтамыз. Әрбір ақын философиялық мазмұнға ие өлеңдер жаза бермейді, ал дүние және қоғам туралы өз заманына сай терең білімге, олар туралы терең ой-пікір жүргізе алатын ақындар ғана философиялық өлеңдер жаза алады. Әжінияз осындай ақындардың бірі еді. Сондықтан оның шығармаларында философиялық ой-пікірлер бейнеленген. Оларда жаратылыс және інсан туралы мұсылман дүниесінде кең таралған ой-пікірлерді поэзиямен береді.

Құдіреті күштідүр не қылса субхан, (жаратқан)
Көптен соң жаратты топырақтан інсан,
Кімі кәпір болды, кімі мұсылман,
Баршаның атасы адам демішлер.

(«Демішлер»)

Ақын бұл өлеңде халық арасында кең таралған мұсылман мифологиясы элементтерін кең қолданады. Барлық әлемді жаратушы құда деп біледі, демек Адам жаратылысы бойынша материалдық негізге ие. Мұсылман және кәпір болып соң бөлінген, олар идеологиялық құбылыстардың нәтижесі, негізінде адамның биологиялық негізі бір, топырақтан жаратылған. Сондай-ақ бұл дүние өткінші, пәни, және шексіз, уақыт өлгеіміне сыймайды. «Білемін неше мың жыл өтті арадан, Бұл дүние бір ғана заман демішлер»

Махаббат өлеңдері. Жанрлық жақтан махаббат өлеңдері лирикалық кейіпкерлерді жүрек төрінен шыққан мөлдір сезімдерін береді. Ғашықтық өлеңдерінде лирикалық кейіпкерді адамға тән асыл қасиет болған шын көңілден сүю сезімдері билейді, ол осы сезімдер байлауында болады. Әдебиеттану ғылымында махаббат өлеңдерін **интим лирикаға** жатқарады. Бұл теримн латын тіліндегі интимус сөзінен алынған болып, сөздік мағынасы бойынша өте терең, өте ішкі дегенді білдіреді. Интим лирика лирикалық қаһарманның жүрегін ауыртып шыққан сезімдерін, жеке мұңдарын береді. Махаббат сезімдері де жеке мұңдарға жатады.

Әжінияздың махаббат лирикасының көпшілігі романтикалық тәсілде жазылған, яғни махаббат сиқырлы сезім, ал ғашықтар күнделікті күнделікті тұрмыстың қиыр-шиырынан жоғары тұратын, махаббатқа садық сырлы інсандар болып суреттеледі.

Әжінияздың лирикалық кейіпкері (ғашық) өз сүйгеніне жан-жүрегімен беріліп, оны ессіз сүйеді, оның үшін физикалық және рухани азаптарға дұшар болады, бірақ бұл азаптарға төзім береді, өз махаббатынан безіп кетпейді, махаббатқа сеніп жасайды.

Тынбас күні-түні көзімнің жасы,
Болыппын мен оның бауыры күйгені,
Денемді өртеді дағы, оның ұшқыны,
Көзде жасым төгіп кетті сол пери.

(«Бир пари»)

Махаббат тақырыбы Әжінияздың «Бір жанан», «Гөззаллар», «Бир пари», «Ел болсын», «Сәўдигим», «Хәр кимсаның яры болса», «Дилбарым», «Түсер» өлендерінде жан-жақты суреттелген. Оларда ғашық өз сүйіктісін жүрегінен сүйеді, оның азабында күйіп-жанады, сүйіктісіне шын беріледі, садық болады, оған жүрек сезімдерін арнайды, бүткіл өмірін бағыштайды. Әжінияз жырлаған ғашықтың көңіл сарайы осындай адал және мөлдір сезімдерге толы.

Әжінияздың махаббат жырлары бүтін бір философиялық концепсия. Әжінияз концепсиясы бойынша махаббат әлеуметтік құбылыс емес, ал әлеуметтік айырмашылықтарға бағынбайды. Әжінияздың махаббат концепсиясы терең лирикалық сезімдер, жоғары дәрежедегі көркемдікпен бейнеленген.

«Бозатау» поэмасы.

Әжінияздың «Бозатау» поэмасы – қарақалпақ халқының басынан кешкен тарихи және трагедиялық уақиғаны көркем сәлелендірген шығарма. Әжінияз шығармашылығын үйренген әдебиетшілердің барлығы дерлік «Бозатау»ды тарихи поэма деп атайды.

«Бозатау»да жаугершілік және босқыншылық жағдайлары бейнеленеді. Бұл жағынан «Бозатау» өзінен алдыңғы ғасырларда шығарылған «Ормамбет би», «Босқан ел» толғауларына ұқсап кетеді. Шығармада XIX ғасырдың орталарында (1858) өткен тарихи Бозатау уақиғасы сөз болады. Тыныш отырған елге түркмендердің басып кіруі, елді шабуы, адамдарды бенде етіп айдап кетуі терең лиризм және драматизммен жырланады.

Кімсе шахит болды, жаннан айрылды,
Кімсе гада болды, малдан айрылды,
Кімсе көзі нұрынан айрылды,
Басыңа қиямет түсті Бозатау.
Зиуарың қоштасар қадірің біліп,
Көзін жасартып бауырын тіліп,
Аман болса хал сұрасар бір келіп,
Қош Аман бол, бізден қалдың Бозатау.

Шығармада ақын Отаның, туып-өскен мекенінен айрылған адамның мұң-зарын, тыныш елдің босып бүлгіншілікке ұшырауы терең лирикалық сезіммен беріледі, уақиғаларды жүрек елегінен өткеріп, өз жүрегіндегі Отан мұңын қайғы-қасіретін жалпы халықтық қайғы-мұңға ұштастырады және терең лиризм арқылы халықтық трагедияны береді. Шығармада өзінің басталуына, дамуына және қорытындылауға ие эпикалық сюжет және эпикалық персонаждар көрінбейді, уақиғалар жоғарыда ескертіп өтілгендей лирикалық кейіпкердің жүрек сезімдері арқылы берілгендіктен «Бозатауды» лирикалық поэма деп белгілеу мүмкін.

Әжінияздың «Бозатау» поэмасы қарақалпақ әдебиеті тарихында Отан, халық тағдыры тақырыбын жырлайтын терең мазмұнды, әсерлі ұлы шығармалардың бірі болып саналады. Сондықтан халық оны жатқа білген және белгілі «Бозатау» жырын айтқан.

Әжінияз бен Қыз Меңештің айтысы

Көркем сөз өнерінде айтыс жанрының өзіне тән талаптары, белгілері бар. Айтыстар екі түрге бөлінеді: Ауызекі айтыс және ақындар айтысы (жазба түрде). Ауызекі айтысқа айтушылар тойда немесе қандай да бір жиында жүбе-жүз ұшырасып, бетпе-бет айтысады. Айтысушылар импровизация (алдын-ала даярлықсыз, суырып салма) жолымен сөз жарысына түседі. Олар жеңгені үшін кейде бір-бірінің түрлі кемшіліктерін бетіне басып мінейді, сынайды. Айтыс ақындардың импровизациялық талантын белгілеп беретін қызықты жанр. Әжінияз тағдыр айдап қазақтың ақын қызы Меңешпен айтысқа түсіп, өзінің ақындық талантын, импровизаторлық талантын көрсеткен. Меңеш те өзі мекен еткен өңірде топ айырып шыққан, өлең сөздің шебері, асқан ақын, талай ақындармен жарысқа түсіп бәйгі алған, мереке-жиын, той-думанның көркі болған қыз. Әжінияздың өзі Берген мағлұматқа қарағанда, ол қыз Меңешпен қырық жасында айтысқан («Жылым қой,

жасым қырықта, ой Қыз Меңеш»). Бұл айтыс халық арасына кең таралып, оның тексі Ташкенте шығатын «Түркстан уәләты» газетасында бірінші реет 1878-жылы басылған.

Әжінияз Кіші жүз қазақтары арасына Қожбан деген ірі феодалдың қарамағындағы мешіттерде молдашылық етеді. Ол заманның үрдісі бойынша үлкен байлар тойға шақырылса, қасына күреске түсетін балуанын, бәйгіге түсетін атын, айтысқа түсетін ақындарын алып баратын болған. Мырза Қожбан үлкен бір тойға шақырылған. Әжінияз өзінің молдашылығын сылтау етіп айтысқа түсуді қаламаса да, мырза Қожбан Кіші жүздің атақты ақын қызы Меңешпен айтысқа түсесің деп, тойға зорлап алып барған. (Қоймады еш еркіме мырза Қожбан, Тұсында ақ Меңештің өлең айт деп).

Әжінияздың Ғыз Меңешпен айтысы осы жанрдың дәстүрі бойынша аты-жөнін, ру, ел сұрасу, жол болсын сұраудан басталады.

Меңеш: Қарақалпақпысың, сартпысың, өзбекпісің?
Әкеннің қойған аты кім, сүйегің кім?

Әжінияз: Әкемнің қойған аты Хажинияз,
Руым қарақалпақ, сол сүйегім.

Меңеш: Қарақалпақ деген де жұрт болып па?
Дегенің қарақалпақ немене еді?

Әжінияз: Қарақалпақ қазақпен теңбе-тең жұрт,
Көрмей, білмей сыртынан қылмай мазақ.

Мұнан соңғы сұрақ-жауаптарда қарақалпақ жігіттерінің, қыздарының сипаттамасы беріледі, қарақалпақтардың халықтық белгілері үрп-әдеттері, дәстүрлері суреттеледі. Бұл суреттемелерде Әжінияздың өз елін, халқын, жігіт-қыздарын мақтаныш етеді, туылған Отанына, халқына болған сүйіспеншілік сезімдері айқын көрінеді.

Айтыста ақындар елдегі әлеуметтік мәселелерді тірек етіп бірінің үстінен бірі жеңуге ұрынады, бірақ айтыстың барысында қазақтар да, қарақалпақтар да әлеуметтік жағдай төмен дәрежеде екендігі ашылады.

Меңеш: Астырттан қалпақ келер жетеленген,
Әр үйден пәтия беріп нан тіленген,
Хожааеке, сенің елің мырза болса,
Келеді қалпақ неге тентіреген...

Әжінияз: Әр елдің ондай ашы болмай ма екен?
Аш қазақ біздің елде онан да көп...
Бұл заман алма кезек сондай заман,
Айтасың оның несін салық қылып.

Айтыс барысында екі елдегі әлеуметтік жағдай, әйел-қыздар теңсіздігі, Адам құқы, ірі мүлк иелерінің зорлығы туралы шындық ашылады. Айтыстың соңында Әжінияздың ғұлама ретінде оқымыстылығы, жоғары мәдениеті көрінеді. Ол Меңешті жеңдім деп масайрап кетпейді, өзінің адамдық қасиеттерін сақтап, Меңешті құрмет етеді. Айтыс Әжінияз үшін қарсыласын мұқату, кемсіту құралы емес, ал сөз өнерінің жарысы, тіл жүйріктігін, өрістің кеңдігін белгілейтін майдан. Мұны оқыл-ойы терең Меңеш те жақсы түсінеді. Сөз жарысынан соң қарсыластар айтыс бабында айтылған қатты-қайырым сөздерді лезде ұмытып, бір-бірін құрмет етеді.

«Әжінияз Бен Қыз Меңештің айтысы»-қарақалпақ әдебиетінде айтыс жанрын әр жақты толтырып, оны жоғары дәрежеге жеткерген шығарма. Бұл айтыс жалпы адамдық идеяларды бейнелеуі және әлеуметтік жағдайларды қоғауымен ру немесе ауыл шеңберлігіндегі айтыстардан бірқанша жоғары тұрады. Онда екі айтысушының да тіл жүйріктігі, дүние, қоғам, әлеуметтік тұрмыс туралы ой-пікірінің тереңдігі көрінеді. Айтыстың жанрлық табиғатына лайық сатиралық суреттеу мейлінше кең қолданылған. Онда ирония (мысқыл), сарказм көп ұшырасады, сондай-ақ метафора, эпитет, теңеу сияқты көркемдегіш құралдары да орынды қолданылады.

Бердақ Қарғабай ұлы (1827-1900)

Қарақалпақ әдебиеті тарихында Бердақ (Бердімұрат) Қарғабай ұлының шығармашылығы айрықша орын тұтады. Ол XIX ғасыр қарақалпақ әдебиетін және идеялық мазмұны, және көркем-эстетикалық дәрежесі бойынша шыңдарға көтерді. Ол адамның ішкі сезімдерін, жүрек қайғысын қозғайтын, оқығанда яки тыңдағанда түрлі сезімдер, терең ой-пікірлер оята алатын жоғары көркемдікті лирикалық шығармалар жазды. Сондай-ақ жоғары інсандық қасиеттерді, халықтың өздігін, ұлттық сана-сезімін, тарихын бейнелейтін және осы қасиеттерді тәрбиелей алатын «Ақмақ патша», «Шежире», «Амангелди», «Айдос баба», «Ерназар би» сияқты эпикалық шығармалар жазды. Олар қарақалпақ халқының әдебиеті және жалпы мәдениеті тарихында көрнекті орын иелейді.

Бердақ XIX ғасыр қарақалпақ әдеби тілін қалыптастыруға, дамытуға үлкен үлес қосқан ақын. XVIII-XIX ғасырларға келіп түркі халықтарына ортақ болған он ғасырлық ескі түркі әдебиеті және түркі әдеби тілі өзінің тарихи иссиясын (борышын) өтеп болған еді. Тарихи жағдайларға байланысты бұл бір бүтін түркі мұра орнында жаңа өзбек әдеби тілі, қарақалпақ әдеби тілі, қазақ ідеби тілі қалыптаса бастады. Бердақ бұл тарихи процесті өте терең сезді, қарақалпақ әдеби тілінң қалыптасуына, дамуына ерекше шығармашылық күш салды. Бердақ шығармаларының тілінің негізгі тіректерінен болып саналады.

Бердақ 1827-жылы Әмударияның құяр аяғында дарияның оң жағалауында туылған. Жастайынан ата-анадан жетім қалып, тұрмыс қиыншылығын өз басынан кешірген. Ол өз өмірінде бірнеше тарихи уақиғалардың куәсі болды. (1855-1856 жылдардағы Ерназар би бастаған халық азаттық көтерілісі, 1859-жылдағы Қоңырат көтерілісі, Хиуа хандарының тез-тез алмасулары, 1873-жылы Хиуа хандығының Ресей империясы тарапынан жаулап алынуы т.б.). Бұл тарихи уақиғалар және халықтың әлеуметтік жағдайы Бердақ шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Қарақалпақ халқының халық ретінде қалыптасуы, ұлттық сана-сезімді ояяту, қарақалпақ халқының келешек тағдыры, еңбек адамының құқтары, әлеуметтік жағдайы, әйел-қыздар тағдыры, олардың қоғамдағы орны, ғылым және ағартушылық-міне, Бердақ көтерген кескін қоғамдық, құқтық, ұлттық мәселелермен идеялар. Бұл өткір мәселелерді Бердақ алдыңғы демократиялық ой-пікірлер, терең гуманистік идеялармен суарады. Соның үшін де Бердақ – ұлы ойшыл (философ), демократ және гуманист ақын.

Бердақтың гуманистік ой-пікірлері

Бердақ ойшыл ақын ретінде әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарының бірі ретінде інсанда жақсы қасиеттерді, жүріс-тұрыс нормаларын, иман-інсап, мейірім-шапағат сезімдерін тәрбиелеу деп санайды. Бұл туралы оның «Қашан рәхәтланадурсан?», «Жақсырақ», «Балам», «Халық ушын», «Билгейсиз», «Надан болма» сияқты көптеген өлеңдерінен көруге болады. Оларда жеке адамның мінез-құлқы, қоғамда өзін тұту әдептерінен бастап, оның еңбекке, қоғамға, өзінің азаматтық борыштарын, рухани тұрмысқа қатынастары, неке, шаңарақ мәселелеріне көзқарастары қозғалады.

«Жигерли бол, жастан балам». Ұлы ақындарымыздың түсінігі бойынша қоғам ізбе-із дамып баруы керек, алдыңғы ұрпақтар өздерінің тұрмыс тәжірибесін, рухани байлығын кейінгі ұрпақтарға өткеріп баруы тиіс. Бердақтың «Балам», «Білгейсиз» өлеңдері осы шарттармен талаптарды сәулелендіреді. Бұл өлеңдерде өмірден, қоғамнан енді ғана өз орнын іздеп жүрген, тұрмысқаенді қадам қойып жатырған жастарға ақыл-насихат, кеңес, жол-жоба беріледі. Ең бірінші кезекте әрбір азамт өз елі, халқымен бірге болуы керек («Халықң қалмасын қасыңнан»). Шығармадағы лирикалық кейіпкер жаман мен жақсының парқын білуді, жақсы адамға, (бәлкім, ғұламаларға, ел басқарған биге, қолы гүл өнерментке) еріп, жаманнан (қиянатшылдан, ашкөз сықмардан, нәмәрттерден) аулақ жүруді кеңес етеді.

Ерме тағы шұғыл сөзге,
Жаманнан қаш жастан, балам,
Жақсы жаманды сынап көр,

Жаксы адамның ізіне ер,
Сонда жолың болар балам.

Осы «Балам» өлеңінде жас азаматтың адамгершілік қасиеттері, өмірдегі орны, қоғамда өзін тұтуы, жүріс-тұрысы беріледі. Сонымен бірге Бердақ жастармен, ата-аналар арасындағы қатынастарға, перзенттік және аталық парыздарға ерекше көңіл бөледі.

Ата-анаңды қадірле,
Өлгеніңше жаксы сөйле,
Мал тапсаң торқаға бөле
Өсуіңе жаксы, балам.

Ұлы ақын жоғарыда айтып өткеніміздей, көпшілік өлеңдерінде адамгершіліктің, азаматтықтың белгісі ретінде әлсіздерге қол созу идеясын береді. Жас азаматқа арналған «Балам» өлеңінде де бұл жағдай басты идеялардың бірі ретінде беріледі:

Жетім көрсең қолыңды Бер,
Аға болса соңына ер.
Ғарип көрсең ақылыңды айт,
Оныдағы ойла, балам.

Демек, Бердақ түсінігінде ғарип-қасерге жәрдем беру-өмірдегі үлкен мұрат, адамгершіліктің басты шарттарынан, талаптарынан болып саналады.

Бердақтың лирикасында заман теңсіздігінің суреттелуі

Бердаң еңбексүйгіш халық ортасынан шықты және сол халықтың көрер көзі, сөйлер сөзі болды. Халықтың аңсаған арманы-Бердақтың арманы еді. Сондықтан да, ол сол халықпен мықты байланыста болды. Сол үшін де оның: «Бердімұрат халықты, халық Бердақты, жалғзындай көрер жаннан жаксырақ» деуі шындық еді.

XIX ғасырда аты кең таралған ұлы ақындар өздері жасаған дәуірдің шындығына қатыспай қалмаған емес. Олар өз пікірлерін көркем шығармаларында ашық білдіріп отырған. Бердақ та осы ақындардың қатарына кіреді.

Бердақ өзінің көптеген лирикалық өлеңдерінде өз дәуірінің өте маңызды әлеуметтік мәселелрін ортаға қойды. Халықтың тілек-мақсаттарын, жарық өмірге ұмтылуын, езушілерге нараазылығын суреттеді.

Солай етіп Бердақ лирикасының басты тақырыбы халық тағдыры, оның ауыр күн көруі, жарқын өмірді аңсау болды. Бұл идея ақынның әсіресе, «Пана Бер», «болған емес», «Заманда», «Биыл», «Салық» өлеңдерінде айрықша күшті суреттелген.

«Қарақалпақ босар болды,
Шөлістанды басар болды,
Неше қырдан асар болды,
Халыққа ақыл дана Бер.
Біреулер бар өте жарлы,
Талаған оның барын,
Нанға тоймаған қарыны,
Соларға өзёң пана Бер».

Бұл «Пана Бер» өлеңінде ақын күннен күнге ауырласқан халықтың тұрмысын ашық түрде көрсетеді. Бұл ауыр тұрмысқа себепкер болғандарды аяусыз жария етеді.

«Салық» өлеңінде де халықтың ауыр тұрмысы сөз болады. XIX ғасырда салғырттар өте ауыр және Адам шыдамастық дәрежеде болды. Ауыр салғырт бұқара халықты қатты қиналдырды. Осындай халық басына түскен ауыр салғырттарды ақын өте реал суреттейді. Бұл өлең өзінің реалистік характері және өткірлігі жағынан айрықша дыққатқа ие.

Бердақ халық үшін күрескен, халық арманын амалға асырушы мәрт адамдарды арман етеді. Ұлы демократ және патриот ақын қайратты және батыр, әділ және қамқор адамдарды армандайды. Өз замандастарын осындай қасиеттерге ие болуға шағырады. Оның бұндай пікірлері белгілі «Излер едим» өлеңінде де баян етілген. Өлеңнің соңында мынадай шумақ бар:

Жоғымнан таппадым дерек,
Сәрдарымды іздер едім,
Мен сорлыға дәурен керек,
Дәуренімді іздер едім.

Ақын өзінің ізденулерінде халықпен ойласады, армандарымен ой-пікірлерін ортаға қояды, халықты ауыр құтқарудың жолы ретінде батырларды күсеу, бірлікке шақыру идеясы ақынның өлеңдерінде де суреттеледі.

Бердақ шығармаларының біздің үшін маңызды да оның осындай прогрессив идеяларына байланысты.

Бердақ шығармаларындағы әйел-қыздар тақырыбы.

Көркем шығармаларда әйел-қыздар образын жасау, олардың ақыл-парасаттылығын суреттеу қарақалпақ фольклорының, классик әдебиетінің ең ұнамды сипаттарының бірі деп қарауға болады.

Феодалдық дәуірде үстемдік қылған әділетсіздік, заңсыздық әйел-қыздардың тұрмыс, махаббат еркіндігіне, қоғамдық тұрмысқа араласуына мүмкіндік бермеді.

Бердақ та прогрессив ой-пікірдегі ақын ретінде бұндай мәселелерден шетте қалған жоқ. Ол бұндай патриархалдық тәртіптерге қарсы шықты. Ол әйел-қыздардың өз сүйгеніне қосылуы, еркін өмір сүруі идеясын көтеріп, қарақалпақ әйел-қыздарының бас еркіндігін арман етіп жырлаған ақын болды.

Әйел-қыздар тақырыбына арналған Бердақтың ондаған шығармалары бар. Бұлардың бәрінде де ақын сол дәуірдегі көзі жасқа бөленген, жүрегін мұң қаптаған қарақалпақ әйел-қыздарының шындықты жақтаушысы ретінде көзге түседі. «Ойланба», «Келін» өлеңдерінде Бердақ әйел-қыздардың Адам шыдамастай ауыр жағдайын айтумен бірге, олардың бас еркіндігіне ие дәуренін арман етеді. Ақын «Келін» өлеңінде:

«Артық сенің ақыл-ойың,
Тал шыбықтай, және бойың,
Қарма-жарма болып тойың,
Арманмен тұрсың келін».-

деп жазып, әйел-қыздардың ақыл-парасатын, олардың басындағы ауыр күнді суреттеумен бірге, «Теңінді тап», ескі дәстүрдің құлы болған адамдардың көңіліне қарап, өз өмірінді қорлама деп ақыл береді:

«Осы бастан етіп талап,
Кісі үшін жүрме жылап,
Ертеректен теңінді тап,
Матаулықта, тұрма келін».

Әйел-қыздардың ауыр тұрмысына ақынның аяныш сезімін білдіруі оның «Көрдім» өлеңіне де тән:

Жете алмай пақыр ниетке,
Жылап тұрған қызды көрдім».

Бұл қатарларда да әйел-қыздардың еріксіздік, малға сатылу жағдайы ашық суреттеледі. Біз ақынның шығармаларында оның сол дәуірдегі тәртіптерге, әйел-қыздарды тек ошақ басының Адамы деп қараушы феодалдық көзқарасқа бүткілдей қарсы болғандығын айқын көреміз.

Бердақ әйел-қыздар құқы, теңдігі туралы пікірлер бойынша өз замандастарының көпшілігінен алда болды. Бердақ бұл туралы батыл, прогрессив, демократиялық пікірлер айтты, әйел-қыздарға құрмет, сүйіспеншілік сезімдерін білдірді, олардың пәктігін, сұлулығын жырлады.

Бердақтың тарихи тақырыптағы поэмалары.

Бердақ өз халқының тарихы, өткендегі өмірімен жақсы қызыққан ақындардың бірі болып табылады. Ақынның қаламына тиісті «Шежире», «Амангелди», «айдос би», «Ерназар би» поэмалары осының дәлелі бола алады.

Әрине, Бердақ барлық тарихи факттерді дәлме-дәл суреттемесе де, халықтың тағдырына үлкен із қалдырған ірі уақиғаларды өзінің түсінігінше бейнелеген. Сол үшін де қарақалпақ халқының тарихын зерттеуші белгілі ғалымдар Бердақтың бұл поэмаларының тарих үшін өте бай материал беретін шығармалар айрықша атап өтеді.

Бердақ ақын және оның «Шежіре» шығармалары

Күншығыс елдерінде өз халқының мәдени тарихы туралы шежіре жазып қалдырған ғалым және ақындар көп. Солардың арасында Бердақ айрықша орынды иелейді. Бұл «Шежіре» ні шын мағынасындағы тарихи шығарма ретінде қаралмағанымен қарақалпақтар тарихы туралы ең алғаш болжау ретінде қарауға болады.

«Шежіре»нің өзінше жанрлық қасиеттері бар. Онда тарихи деректер, анық мағлұматтармен бірге мифологиялық материалдар, аңыздар, таих туралы болжаулар, шамалаулар көптеп қолданылады. Түркі жазушылар Рабғузи «Қиссасул анби» («Пайғамбарлар қиссасы»), Ұлықбек «Төрт ұлыс тарихы», Абулғазы «Түркітер шежіресі» сияқты белгілі шежірелер жазды. Бұл шежірелерде тарихи деректермен қатар мифологиялық, аңыздық материалдар пайдаланылған. Бердақ өз «Шежіре»сін қлеңмен жазған. Ол шығармасын жазғанда шежіре жанрының дәстүрлі жолдарын мол пайдаланады, яғни онда мифтерді, аңыздарды, халық аузындағы, халық аузындағы әртүрлі әңгімелерді өнімді қоладанады. Бірақ бұл шығармада тарихи мағлұматтар, деректер де аз емес. Демек, ол көп ғана тарихи кітаптармен де таныс болған. Соның үшін де ол бұл шығармасын өзінің көрген-білгені, оқығаны және есіткендері негізінде хатқа түсіреді.

Жалпы бұл шығарма тек қарақалпақ халқының тарихы ғана емес, сонымен бірге барша түркі халықтар тарихы үшін де өте маңызды болған құжат.

Автордың

Бердімұрат хақтың құлы,
Сахрада өскен бұлбұлы,
Бұл шежірені жылқы жылы,
Халыққа мәшһүр қылған екен...-

деп жазуына қарағанда «Шежіре» 1894-жылы жазылған.

Басқа түркі шежірелер сияқты Бердақтың «Шежіре» сі де пайғамбарлар заманынан басталған. Мұндағы ең басты сюжет Адам атадан басталғанымен де пайғамбарлар және олардың сахабаларынан басталады. Мысалы:

Расулаллаһ пырақ мініп,
Қабы қаусейін барған екен,
Құда менен разы айтысып,
Хақ дидарын көрген екен.
Гүл жүздері шамсу камар,
Әбубәкір хазіреті Омар,
Оспан, Әли, төрт шарияр,
Пайғамбардың яраны екен.
Оыз үш мың сахабасы,
Жұмла арабтың қабилесі,
Қызмет қылды баршасына,
Пайғамбардың заманы екен.

Пайғамбардан отыз үш мың сахаба тарқалған болып, солардан екі сахаба Арал бойларына келген. Бұл Әнес және Малик сахаба болып, олардың аттары Шығыс тарихшыларының еңбектерінде көбірек ұшырайды.

Бердақ та қарақалпақтар тарихын тап сол дәуірлерден бастаған.

Мысалы:

Әнес, Мәлік екі кісі,
Пайғамбардың сахабасы,
Әнес қазақтың баласы,
Соана «алаш» болған екен.
Мәліктің ұлы Разы-хақ,
Жас уақытында қойды ғұлрақ,
Киген екен қара қалпақ,
Сонан «қалпақ» болған екен.

Солай етіп, Бердақ қарақалпақтар Мәлік ханның ұлы Разыхақтан тарқалған деген шешімге келеді. Бұл жағдай тарихи шындыққа едәуір жақын. Бірақ бұдан кейін Бердақ өзбек халқының келіп шығуы жөнінде пікір жүргізеді де «Өзбек қалпақтың (қарақалпақтың) ұлы еді»-деген шешімге келеді. Бірақ бұл пікір ғылыми шындыққа сай келмейді. Мысалы:

Сахра халқы көшіп кезбек,
Қантты жерден отан дүзбек,
«Қалпақтың» ұлыдүр өзбек,
Өзбек жеке болған екен.

Шежіредегі бұдан кейінгі сюжет Майқы биден басталған. Майқы би шынында да барлық шежірелерде түркі халқының атасы ретінде берілген.

Ал, Бердақтың көрсетуі бойынша Майқы би өзбектің Жине деген баласының бәйбішесінен туылған болып, одан Жайылған, Сейілхан деген екі бала қалған. Сейілханнан түркмен, Жайылғаннан Қоңырат туылды,-деп жориды. Екінші әйелі Сарназардан Қытай мен Қыпша, бұдан кейінгі әйелінен Мүйтен мен Қият, ал одан кейінгі әйелінен Кенегес, Маңғыт және Теке Яумыт туылды,-дейді.

Бердақ солай деп айтады да Майқы биден кейін өзбек, түркмен, қарақалпақ ажыралып кетті-деген шешімге келеді. Яки:

Мүйтен, Қоңырат, Қытай, Қыпша,,
Кенегес-Маңғыт жіптікдек,
Бәрі алты ру қарақалпақ,
Өзбектен айрылған екен...
Деп жазады.

Бұл пікір тарихи деректерге едәуір сәйкес келеді. Себебі қарақалпақтар XVI ғасырда «Ноғайлының алты ұлы ордасы» деп те аталған. Бұдан кейін шежіренің сюжеті және де мифологиялық, аңыздық бағдарда дамып барады. Ерте заманда Алтын хан деген шаукетті патша болып, ол барша халықтарды басқарған екен. Жары пері болып, одан Алмалы-Көрікті деген бір қызы болыпты. Қыз күнге ғашық болып, содан жүкті болады. Бұл жағдайды қыздың анасы патшаға хабарлаған. Ашуы келген патша қызды алтын сандыққа салып дарияға тастатқан. Алтын сандық бір жерлерге ығып келгенде оны Томаулы мен Шабан деген екі мерген көріп қалады. Соңынан екеуі ойласып Шабан сандықтың өзін алуға, ал Томаулы болса ішіндегі затқа разы болады. Солай етіп, сандықтың бір бұрышынан атып, оны жағаға жақындастырмақшы болады.

Бердақтың пікірі бойынша Қият руы атамасының пайда болуы да сол сандықтың қия атылуынан болған. Мәселен, «Шежіре» де:

Алтын сандық артық деді,
Зарар болса ұят деді,
Тіке атпа, қия ат деді,
Содан қият болған екен.

Сөйтіп, сандықты жағаға шығарып, шін ашып қараса, ішінде айы-күні жетіп отырған бір жүкті келіншектің көреді. Томаулы келісім бойынша Алмалы-Көріктіні өзіне некелеп алады. Одан «Күн перзенті» болған Шыңғыс хан, соңынан Бөденетай, Бүркелтай деп аталған балалар туылған.

Бердақ бұдан кейін Шыңғыстың көп елдердің үстінен қараған хан болғандығы жөнінде айтады. Мысалы:

Қойды құсбегі метерді,
Шыңғыс ханды хан көтерді,
Майқыға ықтияр берді,
Хан атасы болған екен.

Майқы, Қотан және Кетбұға билер ауызекі әдебиетте көп ұшырасқанымен де жазба деректерде онша ұшыраспайды.

Бердақ бұдан кейін және қарақалпақ қауымдарының пайда болу деректерін ілгері сүреді. Ол қарақалпақтардың негізгі алты қауымы (Қоңырат, Мүйтен, Қытай, Қыпшақ, Кенегес, Маңғыт) Шыңғыс хан дәуірінен бұрын пайда болды деген шешімге келген. Тіпті соның пікірі бойынша Шыңғыс құрған Алтын Орданың өзі де осы алты қауым негізінде дамыған. Себебі Шыңғыс хан қарақалпақтардың екі арысын Орданың ұйтқысы ретінде қараған. Бұл жөнінде Бердақ өз «Шежіре» сінде:

Қоңырат тапты бір арысын,
Маңғыт тапты бір арысын,
Өзге ағашының баршасын,
Өзгелерге салған екен...
Деп жазады.

Демек, мемлекетті арба деп санасак, оны біріктірудің екі арыс үлкен екі қауым Қоңырат пен Маңғытқа тиісті болған.

Бердақ әрбір қауымды пайда етуші ұрпақ туралы сөз етеді. Мәселен, Қытай-Қыпшақтардың пайда болуы жөнінде:

Сарназдан туды Қытайбек,
Қытайы тонын қылды жөргек,
Және бірінің аты «Шах»,
Қытай-Қыпшақ болған екен.

Шах жас бала ерке ұлы,
«Қып» демеклік араб тілі,
Қыпшақдүр түркі мәні,
Содан «Қыпшақ» болған екен...
деп жазған болса, олардың ұрандары туралы:
Қытайбек және қой жинады,
Қойы әлемге сыймады.
Ала тауларды жайлады,
Ол тау ұран болған екен.

Қыпшақ та жылқы жинады,
Желіге құлын байлады,
Қымыз сабасын сайлады,
«Токсаба» ұран болған екен.

Бердақ бұдан басқа өз шежіресінде Мүйтен, Қытай және Кенегес қауымдарының келіп шығуы жөнінде де бағалы пікірлер айтады.

Бердақ бұдан кейінгі қарақалпақтың ру және қауым атауларының барлығын да Шыңғысхан ұрпағынан болған хан, сұлта және би атауларынан іздейді. Оның пікірі бойынша хан ұрпақтарының негізі Шыңғысхан. Түркі хандарының негізі де Шыңғысханнан тараған деген шешімге келеді.

Бірақ солай болса да Бердақ қарақалпақтар шежіресін Шыңғысханның өзінен бастамайды. Шыңғысханның ақылды кеңесшілерінен бірі болған Майқы биден бастайды. Яғни қарақалпақтың арғы атасы Майқы би, одан ар Жайылхан би, онан Нағадай би,

Нагадай ұлы Қарабек, Қарабек ұлы Жәнібек және ұлы Хайдар, оның ұлы Әлібек, Әлібек ұлы Ағәділ, оның баласы Байәділ.

Бердақтың айтуы бойынша мал-мүлкті айырып таңба бастыру дәстүрі сол дәуірден қалған. Таңбалы тәртібіндегі рулардың келіп шығуы да тап сол дәуірден қалған. Бұл туралы шежіреде:

Қолына басқан Қолдаулы,
Санына басқан Ашамайлы.
Жұптан басқан Қостаңбалы,
Таңбасы қос болған екен.

-деп айтылады да, бұдан кейін Ағәділ ұлы Толыбай, Толыбай ұлы Сарыбай, Сарыбай ұлы Бәдек, Бәдек ұлы Базар Ғұлпак, Базар Ғұлпак ұлы Томайлар туралы айтылады да, бұл дәуірде пайда болған айырым рулар жөнінде де пікір білдіріледі.

Бердақ мұнан кейін Хожакелді, Хажыкелді, Ханкелді, Жанкелді, Сұлтан билердің атын атайды да, бірден Ханкелдінің ұлы Қарабас оның ұлы шияз ұлы Ораз аталық яки Сұлтанның ұлы Айдос, майбас деп бірден XIX ғасырға келіп қалады.

Бірақ мұнан кейін Хорезмдегі Қоңырат ұлысының хандары жайында сөз етеді. Сол негізде ол XVIII-XIX ғасырдағы Хиуа хандығы жайлы айтады. Бердақ бұдан соң қарақалпақтар туралы айта келіп, олардан Досан, Ерсай, Хожанасыр, Айдос т.б. батырлар және билер тілге алынады. Бердақ шежіресіндегі факттердің көпшілігі сенімді. Бірақ та онда дәуірдің хронологиясы сақталмаған Соның үшін де кейде әртүрлі дәуір адамдары да араласады.

Қорыта айтқанда, шежіре жазу дәстүрінде тарихи факт пен фольклорлық деректер (аңыздар, мифтер, әртүрлі әңгімелер т.б. араласып жүреді. Дегенмен, шежірелер халық тарихының бір дерегі ретінде бағалайды. Сонымен бірге, шежіре, - бұл әдеби көркем шығарма. Онда әртүрлі деректер, мағлұматтар көркем тіл, көркем образдармен беріледі. Ақын «Шежіресінің» басты идеясы қарақалпақ халқының өтміші, оның халық ретінде басқа халық арасында тұтқан орны, келешектегі тағдірі болып саналады.

«Айдос баба» поэмасы

Айдос баба XVIII ғасырдың аяғында және XIX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі тарихи тұлға.

Айдос би қарақалпақ халқы Түркменстаннан Хорезмге көшіп келген сәттердегі өз руының атақты адамдарынан болып, оған Хиуа ханы Мұхаммед Әмин инақ тарапынан билік амалы берілген, кейін ханның қолдап-қуаттауынан бүткіл қарақалпақтардың, әсіресе қоңыратшылардың басқарушысы дәрежесіне көтеріліп, ел арасындағы әртүрлі тартыс-дауларды өздігінше шешіп отырған, өзінің үкімін жүргізген. Айдос би Мұхаммед Рахим хан (1806-1825) дәуіріндегі құрметті және қадірлі Адам болып жүреді. Хан онымен «би бала» деп сөйлеседі, сыйлық беріп, құрметтейді.

Хиуа хандары ру басы феодалдардың абыройын көтеріп, рулық қатнастың қалдығын бекемдейді. Ханның салғырт және ғалымдарды жинайтын жарлықтарын өз уақытында тез орындау үшін салықтар ру атына салынған. Ол салғырттарды шаңараққа ру бастары бөлген. Қарақалпақ билері және салық жинаушылары тарапынан түскен салғырт көлемі тағы да артырылып өндірілді. Бұның үстіне «Шапар пұлы», «кесір пұлы» сияқты толып жатырған салғырттар төлетілген. Өндіріс құралдары, жер, мал-мүлк ру басына есептелсе де, оны негізінен сол рудың би, кәтқұдалары, байлары, дін иелері пайдаланған. Сөйтіп, салғырт еңбекші халықтың мойнына түскен.

Бұл жағдайлар қарақалпақ еңбекші табының экономикалық тұрмыс дәрежесінің төсендеуіне алып келген. Бұл ауыр салықтарға, езушілікке шыдамаған қарақалпақ халқы өз егемендігі үшін жиі-жиі көтеріліс жасап тұрған.

Осындай көтерілістің біреуі 1827-1828-жылдарда болып өтеді. Көтеріліс алғаш қарақалпақтардың қытай руының арасында басталады. 1827-жылы жазда кезектегі

салғырттарды жинайтын уақытта қытау руы Хиуа ханының салғырт жинаушылардың жүгенсіздігіне қарсы шығады.

Қытайлардың көтерілісі Қоңырат руы тарапынан қолдап-қуатталады.. Бұлардың басында Айдос би тұрады.

Айдостың көтеріліске қатынасуы ауыр салғырттар себепті емес, ал Хиуа ханының салық жинаушылары тарапынан қарақалпақ әкімдерінің де мүддесінезиян келгендіктен болады.

Көтерілістің барысында Айдос би өлтіріледі, оны жақтаушыларынан бір бөлегі қашып құтылады да, бір бөлегі хан нөкерлерінің қолына түсіп, Хиуаға жіберіледі.

Осы тарихи уақиғаларда суреттелген Бердақтың «Айдос баба» поэмасының мазмұны төмендегіше: Айдос би қарақалпақтардан мол салық жинап, оны ханмен бөлісіп, жақсы дәурен сүреді. Хан амалдарларын місе тұтпайды. Хан амалдарларына оның бұл жағдайы ұнамайды. Олар Айдосты ханға жамандап, екі араға от салады. Айдос бұрынғы абыройынан «ізет-құрметінен» айрылады. Бұл жағдайға ызасы келген Айдос баба халықтың ханға, оның салық саясатына наразылығын пайдаланып, халықты ханға қарсы көтереді. Бірақ көтеріліс жеңіледі, Айдос өлтіріледі. Бұл жағдайды Бердақ төмендегіше береді:

Ханға болмады бұқара,
Қарсы болды бара-бара,
Жоқдүр өлімге еш шара,
Шейіт өлді Айдос баба.

Бердақ ақын Айдостың алдаушылықпен қолға түскендігін, сонымен бірге Хиуа ханының алдаушылық саясатын да көрсетеді:

«...Еки араға түсті гейне,
Ханның инамы бір ине,
Айдос биге қылып айла,
Ғапыл болды Айдос баба.
Айдос деген ұлы кісі,
Ақыры кетті қолдан күші,
«Ханның ісі-сайтан ісі»-
Деген екен Айдос баба»

Бұл жағдайлар шығармада үлкен шеберлікпен көрсетіледі. «Айдос баба» шығармасында ақын Айдостың амалпаздығына, аңқаулығына қатты күйінеді.

Бердақтың «Айдос баба» поэмасы XIX ғасыр бастарындағы қарақалпақ халқының тарихи тұрмысын көрсететін жоғары көркемдікке ие шығарма. Ондағы образдар, суреттелген уақиғалар оқушыда терен ой-пікірлер оятады.

«Ақмақ патша»

«Ақмақ патша» дастаны Бердақтың үлкен шығармашылық табысы болуымен бірге, қарақалпақ әдебиетінің ең ірі естелігі болып саналады.

Ол өзінің күрескер идеяларымен әдебиет тарихында үлкен орын иелейді. Дастанның бұл маңызын Бердақтың өзі де көре білген:

Алтын әрбір айтқан сөзім,
Сөзім емес, олдүр өзім,
Жұмылғанда екі көзім,
Өр уақытта тұрар жайнап.
Қадірімді халық білер,
Халққ білмесе балық білер,
Өлмеген сөзімді көрер,
Және қадірлейді қолына ұстап.

Шығармада бірнеше ұрпақтардың өмірі, ұзақ уақыттар арасындағы жағдайлар, тұтас бір үлкен дәуірді ашып беретін уақиғалар айтылады.

Дастанның жазылу тарихын Бердақ ақынның өзі төмендегіше түсіндіріледі:

Көп жылдар ойлап жүрген соң,
Жақсы-жаманды білген соң,
Жасым елуге келген соң,
Көп ойланып көңіл бердім.

Шығармада тартыс идеялары, Бердақтың хандық ситемаға көзқарасы айқын көрсетілген. Дастанның кіріспесінде Бердақ бұл шығарманы қанша уақыт жазылғандығын, шығармадағы уақиғалардың қандай алынғандығын, сол дәуірдегі халық тұрмысын ізбе-із баяндайды. Бұл мағлұматтар шығарманың жазылу тарихын, ақынның дүниеге көзқарасын, шығармаларының халық шығармашылығымен байланысын анықтау біз үшін өте маңызды.

«Ақмақ патша» дастанында Бердақтың гуманистік, демократиялық идеялары, көзқарастары кең және өткір бейнленеді. Шығарманың негізгі идеялық мазмұны езілген халықтың арман-тілектерімен тығыз байланысты. Шығарманың басты кейіпкерлері Гүлім және Гүлзар, Зару образдары арқылы Бердақ халықтың жарық күнге ұмтылу тілектерін айтса, екінші жағынан, Ақмақ патша және оның жалладтарының образы арқылы хандық түзімді, ол түзімге тән әртүрлі жыртықшылық және езушілікті жария етеді.

Өзінің зұлымдығымен аты шыққан патша елден қыз жинап, перзансіздігін себеп қылып, халыққа қатты қысым көрсетеді, елден сұлу қыздар жинайды. Сондай қолға түскен жас қыздардың бірі жас Гүлім болады. Шығарма Гүлімнің көрген азаптары, Гүлзардың туылуы әңгімелерін ішіне алып, композициялық жақтан шебер құрылыспен ең соңында патшаның қысымына шыдамаған халықтардың бас көтеріп, Ақмақ патшаны өлтіруімен аяқталады. Өз шығармашылығы барысында әділдіктің, әйел-қыздар теңсіздігінің жыршысы болған ақын бұл шығармасында өз еркін қорғауға ұқыпты әйел-қыздардың образын жасады. Шығарманың аяғында халық зұлым Ақмақ патшаға қарсы шығып, мейірімсіз ханды өлтіріп, бақытты тұрмысқа еріседі. Мәне, осы идея «Ақмақ патша» шығармасының негізгі идеялық мазмұнын құрайды.

Шығарманы оқығанда ең алдымен оқушының көз алдында тұратын Гүлім образы. Бердақ Гүлім образын жан-жақты толық Бере біліп, оған ең жақсы адамгершілік қасиеттерді жинаған. Бұл қасиеттер мәрттік, ақылдылық және зеректілік, ата-анаға мейірімділік, шыдамдылық, тапқырлық және т.б. болып саналады.

Гүлім ең жоғар адамгершілік қасиетке ие. Жас уақытан бастап тұрмыстың барлық қиыншылықтарын көрген жетім қыз үлкен парасатпен кәрі әкесін қадірлейді және оған ең жақын қамқоршысы болады. Егер бұған Гүлімнің еңбек сүйшілік қасиетін қосып айтсақ, ол Бердақтың ең идеал кейіпкерлерінің бірі болып көзге түседі.

Ақмақ патшаның жинақталған образы арқылы Бердақ сол дәуірде Хиуа хандары үшін характерлі болған зұлымдықты оқушының көз алдына елестетеді. Өзінің зұлымдығы және мейірімсіздігі жағынан атасынан озып түскен Ақмақ патша барлық орында халық қаһарына және жек көрушілігіне еріседі, оған тек адамдар ғана емес айуандарға дейін нәлет айтады. Ақмақ патшаның ықылас тілегін орындамағаны үшін ол қызы Гүлзарды иттердің алдына тастайды.

Ақмақ патшада адамгершілік дегеннен еш белгі жоқ. Ол тек ғана қара басының уақты хоштығын мақсат етеді. Ақын оның барлық ісін және мінезін долы жек көрушілікпен бейнелейді, өз тілегінің көрінісі ретінде оны қорлықты өлімге дұшар етеді.

Хиуа хандары билеген дәуірдің шындығын жақсы білген, халықтың ауыр тұрмысы, үстем таптардың зорлығы әрқашан көз алдында тұрған ұлы гуманист ақын өзінің «Ақмақ патша» дастанында сол дәуірдің шындығын ешқандай тартынбастан суреттейді:

Қайғы болып ханнан сыйы,
Қазан сынды қайнап миы,
Ішерге тамақ, жоқ үйі,

Сансыз халық босқан екен.
Сол қорлық, азап арылмай,
Залымның таңы тарылмай,
Қара бұлт қаққа жарылмай,
Бұл заманға жеткен екен.

Бұл қатарларды оқығанда халыққа езушіліктің неше жеркенішті түрлерін қолданған Хиуа хандарының образы барлық шындығымен көзге түседі.

Сұрақтар және тапсырмалар

1. Бердақтың реалист ақын екендігінің негізгі белгілері қандай және оның қайсы шығармаларында көбірек көрінеді?
2. Бердақ жастарға қандай ақыл-насихат береді, бұлардың бүгінгі күн үшін маңызы қандай?
3. Бердақтың өз халқының тарихына көзқарасы қандай? Ол қандай батырларды арман еткен? Ақынның тарихи тақырыпқа арнап жазған негізгі шығармалары қайсылар?
4. «Ақмақ патша» шығармасын жазуда ақын қандай деректерден пайдаланған және өз алдына қандай мақсат қойған?
5. Бердақтың қарақалпақ әдебиетінде тұтатын орны нелермен белгіленеді?
6. Бердақ ақын туралы замандас ақындардың және қазіргі заман жаааазушыларымен ғылымпаздарының қандай пікірлерін оқыдыңыз? Бұл мәселе бойынша өздеріңіздің оқығаныңызды жинап жазып шығың.
7. «Бердақ ақынның насихат өлеңдері» деген тақырыпқа өз бетінше шығарма жазың.

**XX ғасырдағы әдеби байланыстар; поэзия, проза және
драматургиядағы әдебиеттер байланысы. Ж.Аймұрзаев,
А.Дабылов, С.Нұрымбетов, Т.Жұмамұратов т.б. қаламгерлер
шығармашылықтары, қазақ әдебиетімен байланысы.**

Тілеуберген Жұмамұратов

Тілеуберген Жұмамұратовтың тілеуберген Жұмамұратовты поэтикалық шығармашылығы Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірдегі қарақалпақ поэзиясында үлкен орын тұтады. Ол көптеген лирикалық, сатиралық өлеңдер, очерктер мен әңгімелер, пьесалар мен поэмалар жазды. «Макарья сұлу» дастаны да Т.Жұмамұратов қаламына тиісті. Оның көптеген шығармалары орыс, өзбек, қазақ және басқа да туысқан ұлттар тіліне аударылды. Ол орыс және дүние классикалық әдебиетінің өкілдерінің, туысқан халықтар әдебиеті өкілдерінің бірнеше шығармаларын қарақалпақ тіліне аударды. Шығыс классикалық әдебиетінің белгілі өкілі Омар Хаямның рубайларын парсы тілінен қарақалпақ тіліне толығымен аударған. Ол бұндай еңбектері үшін «Құрмет белгісі»мен марапатталды. Оған «Өзбекстан халық ақыны», «Қарақалпақстан халық ақыны» құрметті атақтары берілді. Ол республикалық Бердақ атындағы сыйлықтың иегері.

Тілеуберген Купбатулла ұлы Жұмамұратов 1915-жылы Мойнақ районының «Ақдария» ауылында туылды. Жеті жасында әкесі қайтыс болып, анасының қолында тәрбиеленді. Сол уақыттан бастап-ақ халық ертегілерін, өлеңдерін, дастандарға ықылас қоя тындайды. Оның балаық кезінде көркем сөзге Берген ықыласы соншалық қолына түскен қазақша, өзбекше, қарақалпақша кітаптарды оқуға ынтасы артты. Енді есіткен фольклорлық шығармаларымен оқыған кітаптарына еліктеп өзі де өлеңдер жазуға қызыға бастады.

Сол жылдары ауылдарда ашылған мектепте оқиды, онан кейін Ташкентке барып, Орта Азия мемлекеттік университетіне (қазір Ташкент мемлекеттік университеті) оқуға кіреді. Бұдан соң өзінің туған ауылында мектепте мұғалім болады. «Қызыл балықшы» газетінің редакторы, т.б. қызметтерде істейді.

1950-жылдардың басында Нөкіске келеді. Республикалық баспа сөз орындарында жұмыс істейді. Енді оның шығармалары республикалық баспа сөзде тез-тез басылады және бүкіл халқымызға танылған азын боп жетіліседі.

Лирикалық өлеңдері. Т.Жұмамұратовтың ең алғаш жазған өлеңдері Мойнақ районынан шығатын «Қызыл балықшы» газетасында, сонан кейін 1937-жылы оның алғашқы өлеңдері республикалық «Қызыл Қарақалпақстан» (қазіргі «Еркін Қарақалпақстан») газетасында басылады.

Ақынның алғашқы өлеңдерінде өзі жасында көбірек оқыған қарақалпақ фольклорының дәстүрлеріне еліктеу басымырақ болды. Өз кейіпкерлерін фольклорлық кейіпкерлерге салыстыру арқылы суреттейді.

Қыркыншы жылдардың соңы, елуінші жылдардың басынан бастап ақын шығармашылығында үлкен өсу басқышы басталады. Ақын шығармашылығының тақырыбы және жанрлық түрлері кеңейеді. Ақынның өміріміздің шындығын поэтикалық көзбен көру және оны поэзиялық қатарлармен бейнелеу тәжірибесі артты.

Ақын поэзиясының тақырыбы халықтардың бекем достығы, бейбітшілік, халқымыздың күнделікті шығармашылық еңбегі, адалдық, өмір шындығының күн талабындағы мәселелеріне арналды. Өлеңдерінде философиялық және публицистикалық пікірлеу кеңейді.

Күн сәулесі тұрғанында төбенде,
Жарамсыз дос-жылпылдаған көлеңке,
Бұлтты күн бұзып қашар сүрінсең,
Құдық қазып итереді тереңге.

Ақын бұл жылдары айтым өлеңдерін («Жарасар»), публицистикалық («Жүрек махабаты», «Ақындық шарты», «Әмудария», «Бердаққа еліктеу») өлеңдерін жазды.

Оның өлеңдерінде поэтикалық пікірді еркін, жоғары пафоспен беріп, кейде өмір уақиғаларына философиялық ой жүргізу тәсілдері күшейді. Өміріміздің рухани тарихын шындыққа сай суреттеу, жоғары идеялық рухпен суреттеу тенденциясы күшейді.

Ақын бұл жылдары өз өлеңдеріне форма табу жағынан тынбай ізденді. Ол алты қатарлы, әр қатары төрт ырғақты, 15-16 буынды Шығыс және қарақалпақ поэзиясында кең қолданылған мухаллес («Жарасар»), ұлттық поэзиямызда өте кең қолданып келе жатырған төрт және бес қатарлы, әр қатары екі немесе үш ырғақты 9,10,11 буынды орын тәртібі бойынша жұп ұйқасты, аралас ұйқасты, аралас ұйқасты формаларында, сонымен бірге туысқан халықтар әдебиетінде кең қолданылатын әр шумағы үш («Нөкіс»), сегіз («Жаңа жылда») қатарлы, ырғақтарының саны әрқайсысының орны тұрақты формаларында, шығыс поэзиясында кең таралған өлеңнің ғазал («Науай туралы») формасында пайдаланды. Өлең мен фельетон жазды. («көрген істі еттік баян»). Бұлардың барлығы ақынның идеялық және көркемдік жақтан тынбай ізденушілігінің шындап ақындық жолға түсе бастауының белгілері еді.

Елуінші жылдардың орталарынан бастап ақын шығармасы өсуінің жаңа басқышы басталды. Бейбітшілік, халықтардың достығы, еңбекте адамдардың табыстары, халқымыздың өткен дәуіріндегі маашақаты өмірі және бүгінгі жайнаған тұрмысы үлкен ақындық рухпен жырланады.

Енді ақын бір тақырыпқа, өмірдің әрбір құбылысына басқа ақындардан өзгеше, өзінше қатынас жасай бастайды. «Мойнақта», «Бозатау» өлеңдерінде бұрын біздің поэзиямызда көп қолданылатын суреттеу орнына тарихи публицистикалық поэтикалық баяндау формасын еркін қолданады:

Көз жіберіп қарап тұрсам оңаша,
Өзгерілген көрініс бара жаңаша,
Гудоктары комбинаттың, заводтың,
Параходтар деусын қосар тамаша!
-Қай жақта?

-Қазақдария, Үшсай, Үрге, Мойнақта. «Мойнақта»

Ақын бұл жылдары халықтар достығы тақырыбынан «Қырғыз достым», «Қазақ жігітіне» т.б. өлеңдерін жазды. Бұл өлеңдерінде халықтардың бұзылмас достығы тұрмыстық факттерді поэтикалық пікірлеуге салу арқылы суреттеледі. Ал, ақынның осы жылдары жазған «Сәбит туралы», «Мұхтарға», «Асқарға», «Ғабит Мүсіреповке», «Ғафур Ғұламға» өлеңдерінде күшті лиризммен жеңіл юмор табиғи бірігуін тапты.

Алпысыншы жылдары ақынның шығармасы өз өрлеуінің жаңа басқышына көтерілді. Оның алпысыншы жылдардың басындағы өлеңдерінде жаңа формалар ізденушілік (төрттіктер жазу) өлеңнің тақырыбының мазмұнын ашуға тарихи публицистикалық факттерді лирикалық баяндау арқылы қатынас жасау («Шымбайда», «Қазақстан жерінде», «Жыраудың толғауы», «Хорезмдік достыма») т.б. құбылыстар көрінеді.

Париждің зор қат-қат биік жайынан,
Көзге ыстық Шымбайдың бір кесегі. («Шымбайда»)

Ақын бұл жылдары халық поэзиясының дәстүрі негізінде жұммбақтар жазды. Қыз-жігіттер айтыстарын жазды. Эпиграммалар шығарды.

Алпысыншы жылдардың орталарынан бастап ақынның лирикасында философиялық-публицистикалық бағдар және де күшейді. Ақынның өзінің елу жасқа толу күніне арнап жазған «Өмірімнің лирикасынан» (1966) өлеңінде өмірбаяндық факттер публицистикалық лирика жобасында берілсе, «Тасқында» (1970) жинағындағы «Өрлетті өмір екпіні» сияқты өлеңдерінде философиялық пікір күшейді.

Бұл дүние кең екен, тар екен,
Ішінде бәрі де бар екен,
Жығылсам түрегелдім тағы да,
Бағындым дүниенің заңына.

Бұл жылдарда ақын жанрлық, формалық жақтан ізденді. Өз лирикасының тақырыбын кеңейтті. Әрбір шумағы төрт қатардан, алты қатардан тұратын өлеңдер, сонеттер, төрттіктер, арнау өлеңдерін, термелер т.б. жазды. Юмор және сатиралық өлеңдер жазуда да ілгері өсу болды. Дүние халықтары әдебиетінің белгілі өкілі Омар Хаямның «Рубаиларын» түп негізінен аударып, жеке кітап етіп шығаруы қарақалпақ аудармашылығының тарихындағы елеулі құбылыстардың бірі болды.

Юморлық және сатиралық өлеңдері. Т.Жұмамұратов қарақалпақ әдебиетінде юмор және сатиралық өлеңнің дамуына үлес қосқан ақындардың бірі. Ол «Өлең туралы өлең», «Мәсмамбеттің түсі», «Алламұрат кішіпейіл», «Тон мен төбелес» т.б. юмор-сатиралық өлеңдерін және «Қарлығаш, мылтықшы және жылан» атты мысалын жазады.

Ақынның «Мәсмамбеттің түсі» өлеңінде күнде жұмысқа арақ ішіп масс болып келген басшының келбеті бейнеленеді. Ол жиналыста отырып ұйықтап кетіп түс көреді. Түсінде көп балық ұстап жоспарды орындайды. Бұл өлең ақынның арақхорларды әшкерелеген ең жақсы өлеңі.

«Алламұрат кішіпейіл» деген өлеңінде мансап алмастан бұрын өте кішіпейіл, мансап алғаннан кейін достарын тындамайтын, шыны айтқанда адамды жақтырмай, айналасына жағымпаздарды жинайтын, мәселені ешкіммен ойласпай тек өзі шешетін басшыны сынға алады. Басшы кейін сы пейілі басына бәле болып үш айда жұмыстан шығып қалады.

Ақынның «Мәтжан және милиционер» атты сатиралық өлеңінде белгілі бір уақиғаға құрылған. Бір масс адамды милиционер айықтыруханаға алып бара жатқанда Мәтжан ортаға түсіп оны алып қалады. Үйіне алып бармақшы болса масс Адам мәтжанмен төбелеседі. Автор бұл уақиға туралы мынайдай қорытындыға келеді.

Кей ақмақты сыйласаң да,

Іздегені тек жамандық,

Ақынның бұдан басқа да юмор-сатиралық өлеңдерімен мысалдары да осындай маңызға ие.

Эпикалық поэзия. Халық ақыны Т.Жұмамұратовтың бай шығармашылығында оның эпикалық поэзиясы белгілі орынды иелейді. Ол елуінші-жетпісінші жылдар аралығында «Киіктің екі лағы», «Достық», («Жалынды күндер»), «Бала туралы сөз», «Ананың көңілі балада», «Океан ортасында», «Суға кеткен адам», «Макария сұлу» атты поэтикалық шығармаларын жазды.

Ақынның «Киіктің лағы» поэмасы балаларға арналған. Поэманың негізгі мәселесі дәуіріміздің уақыт талабындағы машқалаларының бірі табиғатты, айуандарды қорғау мәселесіне арналған.

Поэманың сюжеті төмендегіше: Анна киік екі лағымен емін-еркін жайылып жүргенде оларға аш қасқыр бас салады. Анна киік екі лағын ертіп қашады. Бірақ қасқыр оны жарақаттайды. Сол жарадан анна киік өледі. Киіктің лақтарын аңға шыққан Розым шал ұстап алады және оқушы бала Жәмиетке бақтырады.

Шығарманың мазмұнының тәрбиелік маңызы өте зор. Мектеп оқушыларында табиғатқа, айуандар дүниесін сүю, оларға деген сезімін оятады.

Ақынның «Макария сұлу» дастаны да халық аңызы негізінде жазылған. Ертеректе Хорезмді жайлаған, ғылымды сүйген бай Дәуқара қызы Макариямен бірге сауда ісімен Арзамасқа барады. Ол жерде Макария шахмат ойыны үстінде орыс жігіті Паромонмен танысады. Екі жас бірін-бірі сүйіп қалады. Бірақ Дәуқара қызын Хорезмге алып қайтады. Еліне келген соң жауыз хан Көкше хан қызын әйелдікке сұратады. Дәуқара көнбейді. Көкше Дәуқараның мал-мүлкін тартып алмақшы болады. Дәуқараға Паромон көмекке келеді. Орыстармен Дәуқара бастаған Бағдаттықтар бірігіп Көкше ханды жеңеді.

Дастанда Дәуқара, Макария, Паромон, Людмила, Көкше, Аяз бейнелері табысты шыққан. Дәуқара бай болса да ғылымды, шахмат ойынын сүйген Адам. Ол өз қызының орыс жігітіне бас қосуына онша қарсы болмайды. Өз халқының әділ басшысы, Макария өз махббатының адалдығын қорғаған сұлу қыз. Паромон шахматы шебер ойнайтын орыс

жігіті. Ол Арзамасқа барған Макарияны сүйіп қалады. Макария еліне кетіп қалғанда ол батырларша сегбір тартып ізінен келеді. Көкшеге қарсы күреске шығады.

Людмила Паромонның пәк, көңілі таза, нәзік жанды қарындасы. Ол Макарияны өте жақсы көреді. Аяз өз халқының намысы үшін күрес апаратын батыр жігіт. Көкше талабы елді жайлау, Адам қанын төгу болған жауыз хан.

Т.Жұмамұратов 50-жылдары өз қаламын проза тарауында да сынап көрді. Ол бірнеше очерктер және әңгімелер жазды. Олардың ең маңыздылары «Махаббат сыры» және «Милиционер жігіт» деп аталатын әңгімелері.

Драмалық шығармалары. Т.Жұмамұратов соңғы он бес жыл драма тарауына бет бұрды. ООың «Қыздар әзілі» комедияясы және «Тіктелген ту» музыкалы драмасы Қарақалпақ мемлекеттік музыкалы драма және комедия театрының сахнасында қойылды.

«Қыздар әзілі» комедиясында Сабалақ Аймұратов деген селпоның уақытша бастығы өзінің келіншегі Пердегүл тастап он тоғыз жасар сатушы қыз Гүлсімге үйленбекші болады. Бірақ қыздар оны масс уақытында алдып, Гүлсім деп бұрынғы келіншегі Пердегүлді апарып береді. Комедияның сюжеті өте табиғи. Комедияда адамдарды «Адам адамға дос жолдас» болған суреттеулері өте шебер көрсетілген. Сабалақ Гүлсімге үйлену үшін бар мүмкіншілігін жұмсайды. Бірақ Гүлсім байлыққа да, атаққа да қызықпайды. Пердегүлдің көзіне шөп салмайды. Оған шын достарша адал қатынас жасайды. Бұл істе оны Периза ұқсаған пахтакеш қыздарқолдайды. Гүлсімнің және Перизаның сипаттары осы істерімен жастарға үлгі.

Т.Жұмамұратов қарақалпақ әдебиетінің дамуына белсене үлес қосқан жазушылардың бірі.

Сұрақтар және тапсырмалар

1. Т.Жұмамұратовтың лирикалық өлеңдерінің өзгешелігі неде?
2. Юмор-сатиралық өлеңдері қандай?
3. Қандай поэма және дастандары бар?
4. Қандай драмалық шығармалары бар?

Жолмырза Аймұрзаев (1910-1996)

Қарақалпақ әдебиетінің тарихында XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап терең із қалдырған жазушы Ж.Аймұрзаев болып табылады.

Ж.Аймұрзаев 1910-жылы 6-ноябрде Қарақалпақстанның Шымбай районының бұрынғы Тазқара облысында (қазіргі Қ.Әуезов фермер хожалығы бірл.) диқан жанұясында туылды. Ол 1924-жылы Шымбай қаласындағы Мектеп интернатқа оқуға кіреді. 1927-жылы Төрткүл педагогикалық техникумын біткеріп бір жылдай Тақтакөпір районында мұғалім болып істеді. Бұдан соң Республикалық баспа сөз орайларында жұмыс істеді.

Поэзиясы. Ж.Аймұрзаев өз шығармашылығын поэзиядан бастады. Ол Шымбайда, Төрткүлде оқып жүрген кездерінде-ақ «Күресің», «Егіс егер уақтыс егер уақтың келді» деген алғашқы өлеңдерін жазды.

Ұрыс жылдарында ақынның таланты өсті. «Ұлым, тыңда», «Тыңдаңыздар» өлеңдері осы дәуірдегі қарақалпақ әдебиетіндегі ең көрнекті шығармалардың қатарынан орын алды. Бұл шығармалардағы патриотизм, мәрттік сезімдері, Отанды сүю, сондықтан да оны қорғау әркімнің перзенттік борышы екенін ұғындыру сияқты белгілер оларға табыс алып келді. Сондай-ақ, бұл шығармаларда ішкі және сыртқы формалардың мазмұнға сай түсуі өлеңдердің көркемдігін және арттырды.

Оның жазған өлеңдерінен «Мақта», «Шамұрат аға», «Өзбек қызы» сияқты өлеңдерінің көркемдігі жоғары. Ақынның «Жаңа өлеңдер» жинағындағы «Бірге болсын тойлары», «Мұғалім», «Келдім», «Құрбанбайға», «Үш қызға», «Мені күт». «Неміс қызына» өлеңдері туралы ұнамды пікірлер білдіруге болады.

Ж.Аймұрзаевтың «Айдын жол» поэмасы тақырыбының актуалдығы, кейіпкер образдарының жанды әрекетте көрсетілуімен ажыралып тұрады. Сондай-ақ ақынның «Күрес», «Күресте жеңдік». «Қыз кеткен» поэмалары да өте құнды.

Прозасы. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап Ж.Аймұрзаев ақын, драматург болып қалмастан, ал журналист, прозаик ретінде көпшілікке бірқатар публицистикалық мақалалары, очерктері, фельетон және ғңгімелерімен таныла бастады. «Троактор келгенде», «Еңбек ері Нуратдин»(1931-1932) деген әңгімелерінде қарақалпақ ауылдарында пайда болып жатырған жаңалықтарды, Зарақалпақ диқандары санасындағы өзгерістерді кеңінен суреттеп береді.

Ж.Аймұрзаевтың алғашқы прозалық шығармаларының ішінде ең көрнектісі бітпей қалған «Қуат» повесі (1940). Оның мазмұны негізінен қарақалпақ халқының өткендегі тұрмысын, әйел-қыздардың бақыты үшін күресін ашып беруге арналған.

Оның очерктері толығымен дерлік республикамыздың ауыл хожалығы қызметкерлерінің, мақтақештердің күнделікті тұрмысын суреттеуге арналған. Жазушының әңгімелерінде да ауыл адамдарының тұрмысы, сол дәуірдегі социалдық тұрмыс жағдайларын ашып еру орын алады. Оның «Келін», «Авадан» атты әңгімелері «Гүлдірсін гүлденуде», «Жігерлі жігіттер», «Гүлденген ауыл» т.б. очерктері осындай.

Ж.Аймұрзаевтың «Келін» ғңгімесі әдебиетімізде осы жанрда шығарылған ең жақсы шығармалардың біріне айналды. Онда жаңа мазмұн, сюжет, уақиға, өмір ағысымен тұтасып жатады., новеллалық сипат басым. Әңгімеде Өтемұрат, оның баласы Дәулетмұрат, келіні украин қызы Надежда образдары өте сәтті жаратылған. Олардың әрбірінің өзіне тән харктері бар. Өтемұрат өжет, тек өзінің пікірін д7рыс деп санайтын ескі түсініктегі қария. Дәулетмұрат сауатты, өмірлік жолдасын сыйлайтын жігіт. Надежда ақ көкірек, сабырлы, барлық нәрсені ақыл өлшеп шешетін, өз ісінің маманы болған келіншек. Әңгімедегі конфликт осы қаһармандар ортасындағы тартысқа құрылған. Бірақ ол тартыс әдеттегі емес, бұл характер күресі, психологиялық күрес. Өтемұрат шалдың тұрмыс практикасының жеңісімен жаңалықты мойындауы өмір өзгерісі. Осы идеал моменттерді жазушы қысқа әңгіме арқылы ашып Бере алған.

Мемуарлық повестердің қарақалпақ әдебиетіндегі тұңғышы Ж.Аймұрзаевтың «Жетімнің жүрегі» повесі болды. Бұл шығармадан автордың өз басынан кешіргендері, жастықтағы ауыр тұрмыс жолдары, түрлі жағдайлар, сондай-ақ жазушының творчестволық мектебі, замандастары, туған-туыстары, достары, Зарақалпақ әдебиеті және искусствосының кейбір мәселелрі туралы жаңа мағлұматтарды аалуға болады.

Ж.Аймұрзаевтың «Әмудария бойында» романы қарақалпақ әдебиетінде алғашқы романдардың бірі екендігімен бағалы. Роман үлкен сатиралық прозаның бастамасы болды. Романның бас кейіпкері Раушан сол дәуір өте сәтті жаратылған. Жас маман агроном қыз Раушан еңбекте, қоғамдық жұмыста, жанұя мәселелерінде де өз сөзіне, өз жолына ие, әрқашан тынбастан, белсенділік көрсетеді.

Ал, Ж.Аймұрзаевтың «Қызкеткен» романы Қызкеткен каналын қаазушылардың мәрттік еңбектерін суреттеуге арналған. Бұнда жас инженер Елмұрат Генжеевтің жаңа Қызкеткен каналының сағасын тыңнан жарып салудағы бүткіл қаазушы аламанмен бірге көрген қиыншылықтары баян етіледі.

Драматургия. Ж.Аймұрзаевтың драматургиялық қызметі де отызыншы жылдардың бастарынан басталады. Ол өзінің «Хакістер» комедиясының алғы сөзінде «мен біраз хакістердің хакісін осы пьесаға теріп жаздым» деген еді. Комедияда мекеме бастығы Таужан және оның айналасында көлегейлеп жүруші, жеңіл мінез секретар, жанұя ісіне қайшы келуші Қаныгүл, ақ көңіл зайыбы Зибегүл, Таужанның жөнсіздігін сырттан әшкерелеп, көзіне жалтақтап жүруші қарауыл жігіт образдары бар.

Бұл комедия бір акт, үш көріністен тұрады. Комедиялық күлкілі уақиға Таужан образына байланысты келіп шығады. Оның секретары Қаныгүлмен болған әрекеттері, жұмысқа немқұрайлылығы көрушілердің жек көрушілігін оятады.

Ж.Аймұрзаев 30-жылдардың екінші жартысында «Ө таяғы өзіне», «Тотыханның тойында», «Дұшпандар», «Той», «Ұрлыққа қорлық» комедияларын жазды.

Ж.Аймұрзаев ұрыс тақырыбына арнап «Перзент», «Коля», «Май анты», «Лейтенант Елмұратов» пьесаларын жазды.

Ж.Аймұрзаевтың «Айгүл-Абат» драмасы қарақалпақ драматургиясының үлкен жеңістерінен бірі болды. Пьесаның жанрлық өзгешелігі, өлеңмен жазылуы, пьеса персонаждары бейнелердің жаратылуы, тақырыбы және идеясы бойынша да қарақалпақ әдебиеті тарихындағы ең табысты шығарылған шығарма болып қалды.

Драматург «Бақыттылар бағында». «Бақтағы қыздар». «Әмудария» музыкалы драмаларын, «Қыз және Көкнаршы», «Менің аппағым» комедияларын жазды.

Ал тарихи тақырыпта шығарған «Бердақ» пьесасы қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердақ Қарғабай ұлына арналып жазылды.

Жалпы алғанда Ж.Аймұрзаев қарақалпақ әдебиетінде өз орнына ие универсал таланты жазушыларымыздан бірі юолып табылады. Ол қарақалпақ әдебиетінде 60 жылдан астам уақыт шығармашылықпен еңбек етіп әдебиетімізді көркейтуге белсене қатнасты.

Сұрақтар және тапсырмалар

1. Ж.Аймұрзаевтың өмірі және шығармашылығы туралы қысқаша айтып берің.
2. Жазушының «Келін» әңгімесін толық оқып шығып ол жөнінде өз түсінігіңізді айтып берің.
3. Ж.Аймұрзаевтың соғыс дәуірінде жазған қандай поэзиялық шығармаларын білесіз?
4. Ақынның поэмалары туралы айтып берің.
5. «Жетімнің жүрегі» повесін оқып шығың және сол арқылы дәуірге, жазушы шығармашылығына баға берің.
6. «Айгүл-Абат» және «Бердақ» музыкалы драмаларындағы кейіпкер бейнелеріне сипаттама берің.
7. Ж.Аймұрзаевтың қарақалпақ әдебиетінде тұтатын орны туралы айтып берің.

Қазіргі қарақалпақ және қазақ поэзиясы, ондағы әдеби байланыс көріністері. И.Юсупов, Т.Қайыпбергеннов т.б. қазақ ақындарымен творчестволық байланысы.

Ыбырайым Юсупов (1929-2008)

XX ғасыр қарақалпақ әдебиетінде, әсіресе, поэзияда ең көзге көрінген талант иесі Ыбырайым Юсупов болып табылады. Ол өзінің ойшыл, терең, образды философияға құрылған лирикалық шығармалары арқылы қарақалпақ лирикасын жанрлық жақтан дамытты, жетілістірді. Ол қарақалпақ әдебиетінің ғасырлар бойында қалыптасқан дәстүрлерін дүние әдебиеті дәстүрлерімен синтездеді, жаңа жанрлық түрлерді және көркем формаларды алып келді. Ыбырайым Юсупов шығармашылығы арқылы қарақалпақ әдебиетінде поэма жанры көп түрленді, көркейді. Лиро-драмалық, романтикалық поэмалар Ы.Юсупов шығармалары арқылы қарақалпақ әдебиетіне кіріп келді. Ол тек ақын болып қалмастан, «Кәрі тұттағы қыз» прозалық жинағын жариялады. Әсіресе, оның «Сейдан қарттың кебісі» әңгімесі қарақалпақ әдебиетінде осы жанрдағы ең көрнекті шығармалардың бірі болып қалды. Сонымен қатар, Ы.Юсупов қарақалпақ әдебиеттану ғылымына да өз үлесін қосты, әдебиетіміздің әртүрлі проблемалары бойынша бірнеше мақалалар жариялады. Әдебиетіміздегі осындай тынымсыз еңбегі, ұлы қызметі және «Актрисаның тағдыры», «Дала армандары», «Кілемші әйел хақында шындық» поэмалары

үшін Бердақ атындағы Қарақалпақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. Өзбекстан және Қарақалпақстан халық ақыны. Өзбекстан Қаһарманы.

Екінші дүниежүзілік жүзілік соғыстан кейін ақын болып қалыптасқан Ы.Юсуповтың балалық және жастық дәуірі соғыс жылдарына тура келді.

Ол 1929-жылы Шымбайдың Азат ауылында дүниеге келген. Ұрыстан соңғы жылдары Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітіргеннен соң, ондаған жыл осы институтта әдебиеттен сабақ береді. «Әмудария» журналының бас редакторы болды. Ғылыми жұмыстармен шұғылданды. Ұзақ жылдар Қарақалпақстан жазушылар одағын басқарды. «Еркін Қарақалпақстан» газетінің бас редакторы болып істеді. Ы.Юсуповтың бірінші өлеңі 1946-жылы мерзімді баспасөзде жарияланды. 1949-жылы-ақ бірінші поэмасы – «Жолдас мұғалім» баспадан жарық көргеннен кейін, ол халқымыздың жүрек төрінен орын алған ақынға айналды. Содан кейінгі жылдары ақынның 20 ға жақын поэтикалық жинағы, 10 нан астам поэмалары қарақалпақ оқушыларына тарту етілді. Ә.Шамұратовпен бірге «Қырық қыз» драмасын, «Өмірбек лаққы» комедиясын, «Әжінияз» либереттосын, «Сейдан қарттың кебісі» әңгімесін, бірнеше публицистикалық және ғылыми мақалаларын баспадан шығарды. Ақын шығармалары орыс, өзбек және басқа да көптеген тілдерде поэтикалық жинақ және айырым шығармалар түрінде жарияланды. Оның аудармасында қарақалпақ тілінде дүние жүзі классиктерінің (Пушкин, Байрон, Гете, Гейне, Шекспир, Лермонтов, Шевченко, Маяковский), түркі халықтар ақындарының (Мақтымқұлы, Тоқай, С.Вургун, М.Карим, Зулфия) бірқатар өлеңдері, кітаптары және шығармалары жарияланды.

Ы.Юсупов-лирик ақын. Оның лирикасы қайталанбас көркемдікке ие, өз халқының эстетикалық дүниесімен терең байланысқан. Ол өз халқының кешегісі мен бүгінін, ұлттық құндылықтарын жетік біледі. және қадірлейді. Сондықтан ақын:

Қарақалпақты көп мақтама көзінше,
Қармаққа тез ілінетін балықпын,
Әркімнің бар әлсіз жері өзінше,
Шортанымдай аңқылдақтау халықпын,-дейді.

Осы қатарлар арқылы-ақ ақынның өз халқының патриоты, оның жанашыры екенін көруге болады. Ы.Юсупов шығармашылығының үлкен бір бөлегін оның халықтар достығы, басқа халықтар тұрмысына арнап жазылған шығармалары құрайды. Мұның өзі ақынның ақындық пікірлеу диапозоны кең, дүние жүзілік әдебиетпен жақыннан таныс екенін көрсетеді. Ол қайсы халықтың тұрмысынан шығарма жазбасын сол елдің табиғатын, халқының дәстүрін, ұлттық қаһармандарын келтіреді және осы арқылы әдеби этиканы сақтайды және өз шығармасының әсерлілігін де арттырады.

Ы.Юсуповтың «Алатаудан ескен самал», «Арашан» өлеңдерімен бірге, Қазақстан туралы шығармаларында да поэтикалық жаңалықтар жақсы сезіледі.

Ы.Юсупов Қырғызстан туралы жазылған өлеңдерін соңғы жылдары жазған «Қырғыздарға», «Мен сүйемін қырғыздың Алатауын», «Нарын» шығармалары едәуір толықтыра түседі. Бұларда шын жүректен айтылған, көркемдікке өткен көңіл сыры бар, бүкпелемей берілген ыстық жүрек толқыны бар. Мұнан басқа қырғыз халқына деген құрмет, олармен түбіміз бір ағайын екенімізді аңдату, осы арқылы халықтар арасындағы ауызбіршілікке, татулыққа көпір салу сияқты ұлы идеялар сезіледі.

Ы.Юсуповтың түркі тілдес өзбек, қазақ, азербайжан, түрікмен, татар, башқұрт, ноғай халықтарына арналған да бірнеше лирикалық шығармалары бар. Олар қарақалпақ әдебиетінде халықтар достығына арнап жазылған ең маңызды лирикалық шығармалардың қатарына кіреді. Ал әртүрлі жылдарда шығарған Кавказ дүркіндері, украин, орыс халықтарына арнап жазылған өлеңдері де оқушыны еріксіз өзіне тартады. Оларда сол суреттелген жерлердің табиғатына, халқының әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады. Ақынның достық сезімдерін сәулелендіруші шығармаларының ішінде оның қаламдас достарына арнап жазған лирикалары да айрықша орынды иелейді. Мәселен, Расул Ғамзатовқа, Шыңғыс Айтматовқа, Ғафур Ғұламға, Мұстай Кәрімге және т.б. белгілі

ақын-жазушыларға арнап жазған лирикалық шығармалары жоғары көркемдікке және өзгеше поэтикалық шешімдерге толы.

Ы.Юсупов - лирик ақын ретінде жақсы белгілі. Оның шығармаларының негізгі өзегі болған лириканың тақырыбының өзіндік белгілерін аңғару үшін «Күншығыс жолаушысына» (1956) өлеңі өте характерлі шығарма. Мұнда ол туылған жерінің бай табиғаты, ең негізгісі қонақшыл, еңбек сүйгіш халқы хақында жырлайды. Туған жері, халқымен мақтану ешқашан ешбір ақын үшін жат емес, бұл дәстүрлі жол:

Өз елінің бір бұрышын аралап,
Жүрегінде мәңгі сақтап кетуге,
Күн шығысқа сапар шеккен азамат,
Асық досым, біздің жаққа жетуге.

Ақынның лирикасының тақырыбы осы туылған жері, оның бұрынғы және қазіргі тарихымен байланысты.

Ы.Юсуповтың туған жер хақында, махаббат лирикалары терең лиризмге толы. Оларда қолданылған көркемдегіш құралдар мен тәсілдер өте орнықты, өлеңнің көркемдігін арттырады. Сонымен бірге, ақын қоғамда болып жатқан әртүрлі машқалаларға тыныш қарап отыра алмайды, олар жөнінде өз халқының озық ойлы бір азаматы ретінде тынышсызданады, оларға өз көңіл сезімдерін білдіреді. Мәселен; ақынның «Сағалаяқ», «Арал элегиялары», «Тырналар», «Кораблдер қойымшылығындағы елес» атты өлеңдері дәуірдің ащы шындығын батыл айтуға құрылған. Оларда бәрінен де бұрын ақындық сезгірлік, мәрттік сезіледі.

Таңдарым оянбас толқын сесінен
Қай жақтан алармын ондай күшті мен,
Тұзды шаңғыт көмген көлдер үстінен,
Бұл жағаға түспей барар тырналар.

Ақынның «Тырналар» өлеңінен алынған осы бір шумақта-ақ терең ой-пікір топталған. Лирикалық қаһарманның көңіл өткелдерінен, оның мұңдарынан әркім өз ой өткелдерін, мұңын көреді. Өлеңдегі айтылмақшы негізгі пікір - болашақ ұрпақ алдындағы жасаған күнәларымызға өкініш. Кешегі жылдарда жіберілген, бүгін де жалғасып жатырған кемшіліктерге күйініш. Ақын бір шумақтың өзіне терең пікірді сыйғыза алған. Шумақтың алғашқы екі қатарында лирикалық кейіпкердің өтмішті еске түсіруі, оны сағынуы, аңсауы оның соңғы екі қатарында бүгінгі құбылыстар, экологиямыздың, табиғатымыздың бүгінгі келбеті сәулеленеді. Яғни ақын антитеза тәсілін қолдану арқылы пікір өткірлігіне еріскен.

«Арал элегиялары» өлеңінде лирикалық кейіпкердің экологиялық жағдайды қайғыруы тереңдеседі. Онда лирикалық кейіпкердің өкінішке толы сезімдері оқушыны құр қалдырмайды.

Қош, теңіз, сүйіктім? Жаралы жандай,
Өлім жағдайында ұрасың алас,
Менің қайғым амфибия адамдай,
Сенсіз қырда жасап сау да бола алмас.

Лириканың басты өзгешеліктерінің бірі онда пікірлеу - аналитикалық тәсілі қатысады. Ақын өмірді тек сырттан бақылаушы емес, ал оның құбылыстарын зерттеуші де. Бұл шығарманың жанрлық сипатына да әсерін тигізеді. Лирика медитативтік-философиялық лирика.

Ы.Юсупов әлем поэзиясы үлгілерін қарақалпақ поэзиясына алып келген новатор ақын ретінде кеңінен белгілі. Ол Шығыс поэзиясына тән болған ғазал, мухаммес сияқты лирика түрлерін жаратты. Мұнда ақын лириканың сыртқы формасын да, ішкі мазмұнын да осы формалардың келіп шығу түріне жақындастырғанын көреміз. Ақынның төрттіктері қысқа, тұжырымды, терең пікірге ие болуымен ажыралып тұрады.

Қонды бір тамшы шық піскен алмаға,
Және мен «мазмұнмын» деп керді көкірек,
Бірақ күн шықты да оны жалмады,

Алма тұр. Ал қайда сол шықтан дерек?

Ақын төрт қатарға-ақ осындай үлкен мазмұнды сыйғыза алады. Бұл төрттікте ақын символдық суреттеуден және параллелизм тәсілінен шебер пайдаланған. Шық – мақтаншақтық, тұрақсыздық, алма – кеңпейілділік, тұрақтылық және барлық символы. Өмірде күшсіздер, ертеңіне сенбейтіндер көбірек мақтанады. Шық - солардың әдебиеттегі көркем образы. Ал алма үшін бұл жағдайда мақтану да, «мен мазмұнмын» деп таласу да керек емес.

Ы.Юсупов Батыс поэзиясына тән болған сонет, октава сияқты өлең үлгілерін де қарақалпақ әдебиетіне алып кірді және бұл формалар ақын шығармашылығы арқылы әдебиетімізді байытты.

Ы.Юсуповтың қарақалпақ әдебиетінде поэма жанрын дамытуға қосқан үлесі де салмақты. Ақынның тұңғыш поэмасы «Жолдас мұғалім» 1949-жылы жазылды. Бұл поэма оның ақындық жолын белгілеуші шығарма еді. Сонан кейін «Акация гүлдеген жерде», «Актрисаның тағдыры», «Ескі фонтан ертегісі», «Кілемші әйел хақында шындық», «Дала армандары», «Тумарис», «Посейдонның қаһары», «Бұлбұл ұясы», «Мәмелек ой», «Мәңгі бұлақ», «Отан топырағы» поэмалары белгілі.

Ақынның қайсы поэмасын алып қарасаң да, онда ақындық ізденушілікті, жанрлық өзгешелікке, жаңа пікір айтуға ұмтылушылықты көреміз.

«Кілемші әйел хақында шындық» поэмасында түрікмен әйел-қыздарының ауыр тағдыры суреттеліп, он саусақтан өнері төгілген бұл ғажайып адамдар қанша еңбек етсе де, еңбегі бағаланбағанын, олардың қайғылы өмірін шеберлікпен ашып береді. Түрікмен қызын яумыт әскербасы әйел үстіне алады, қолынан өнері тамған келіншек қызды болады., өзінің өнерін қызына өткереді. Олар тоқыған кілем атағы бүкіл Шығысқа аңыз болып тарайды., бұған Хиуа ханы ғашық болады. Хан қыздың өзіне емес, өнеріне ғашық. Қыз хан сарайына алдырылады. Хан салтанаты үшін ол кілем тоқудан бас тартады. Өйткені, ол тоқыған сансыз кілем, билеушілердің бақталас және дүние жинау үшін сансыз қырғын жаугершілігіне себеп болуын қаламайды. Қыз зынданға тасталады.

Шығармаға халық поэзиясының романтикалық рухы, тіл шеберлігі жақсы сіңген. Кілемші әйелдің түрікмен айдымында (әнінде) өзінің туған обасын (ауылын) еске түсірулерін, кілемші әйелдің ауыр еңбегін ақын тілектестік және романтикалық көтеріңкілікпен жырлайды.

Шындығында да, халықтың түсінігінде бояулардың түрі осылайынша айтылады, автор осы түсінікті поэтикалық формада түсінікті жеткереді. «Кілемші әйел хақында шындық» шығармасы достық туралы, тағдырлас халықтардың өткен өмірі және бүгінгі жөнінде, олардың тұрмысы, күн-көрісі, ұлттық ерекшелігі жөнінде жазылған шығарма болды.

«Дала армандары» поэмасы да көркемдігі жоғары, жанрлық өзгешелікке ие шығарма есептеледі. Поэмада Үстіртті бағындырушы адамдардың қаһармандық еңбегі жырланады. Тайдың ізін қырық жыл сақтаған тақыр, қыран ұшса қанатын, тұлпар шапса тұяғын күйдірген аптап-шөл, мұңды әнге шерткен баялыш, дала жүйрігі-жайрандар өскен кендік оқушының көз алдынан біртіндеп өтеді. Мұнда автор пікір образдылығын бірінші орынға қояды.

«Тумарис»-қаһармандық тақырыптағы поэмалардың қатарына кіреді. Өз халқының өткен тарихы туралы фактілер, аңыз әңгімелері ақын үшін бай материал береді. Өткенді суреттеу ақынға бүгінгіні құрметтеу үшін керек. Әрбір халықтың өтмішінде аңызға айналған қаһармандық оқиғалар көп. Осылардың бірі-қарақалпақтардың ата-бабалары саналған массагеттердің әйел патшасы Тумарис туралы қаһармандық уақиға. Ы.Юсуповтың «Тумарис» поэмасында сол әйел патшаның өз жері, өз қауымдарының еркіндігі үшін жаһангер Кирге қарсы мәрттік ұрысы сәулеленеді.

Поэмада Тумарис, Шырақтар тарапынан көрсетілген ерлік, қаһармандық драмалық уақиғалармен бірге суреттеледі. Оқушының көз алдында аңызға айналған батыр ана Тумарис образы тұрады:

Жолбарыстың жау бүйрегін,
Жұлып жеген бар күшіген,
Қас батырдың бас сүйегін,
Зерен етіп, қымыз ішкен.
Сен емес пе, елдің кегін,
Тартысып алып өскен?
Асқар, мүйіз ай астында,
Кім көркінді сағынбаған,
Өгіз судың жағасында,
Кім көшіне табынбаған

Ақын поэманың жанрлық ерекшелігіне байланысты оған сай суреттеу тәсілін, көркем тіл, образды суреттеулер таба білген. Шығарма жастарды өз Отанын, туылған жерін сүю, оны қадірлеу рухында тәрбиелеуде айрықша маңызға ие.

Ы.Юсупов поэмаларының ішінде «Актрисаның тағдыры» шығармасы маңызды орынды иелейді. «Актрисаның тағдыры» - мәдениет туралы, оның үлкен бір тарауы болған театр, қарақалпақтың бірінші актерлары жөнінде жазылған шығарма болғандықтан, поэмада суреттелген барлық уақиғалар, өткелдер осы мәселенің айналасында болады. Автор театр көркем өнерінің қарақалпақ еңбекшілері арасында алғашқы мәдениет ұрығын себуші, оның көпшіліктің сана-сезімін оятып, қазіргі дамыған мәдениетке ұмтылуға көмектесуші күш екенін сәулелендірген. Поэмадағы негізгі образ сипатында бірінші қарақалпақ драматургтерінің бірі Әбдіраман Өтепов және әйел-қыздардан шыққан талантты актриса Айымхан Шамұратовалардың образдары жасалған. Осы образдар арқылы қарақалпақ сахнасының алғашқы кезеңдегі өмірі, алғашқы мәдениет қарлығаштарының тұрмысы кеңінен сөз етіледі. Шығармада автор терең мағыналы халықтық ұғымдарды орынды түрде қаһарманның мінезін ашуда дұрыс пайдалана біледі: «Қыз көңілі ақ сандық», «Дәстүр заң емес, өзі заң», «Біреулер талдан да тікенек іздер» т.б.

Ы.Юсуповтың бұдан кейінгі жазылған «Қарақалпақ халқына сөз», «Бұлбұл ұясы», «Мәңгі бұлақ» поэмалары хақында да ұнамды пікірлерді білдіру мүмкін. Ақынның соңғы жылдары жазған «Отан топырағы» поэмасы тақырыбының актуальдылығы, кейіпкер психологиясын ашып берудегі шеберлік, батыл пікірлеулерімен тәуелсіздік дәуіріндегі қарақалпақ әдебиетінің табысы болды. Онда XX ғасырдың 30-жылдарында репрессияға ұшыраған отандастарымыздың ауыр тағдыры, олардың алыста жүрсе де, өз отанын жадынан шығармауы, отан топырағын жанынан ғазиз көріп қадірлеуі, кейіпкерлердің ішкі рухани дүниесі, олар ұшырасқан қиян-кескі уақиғалар арқылы ашып беріледі.

Қорыта айтқанда, Ы.Юсупов XX ғасырдағы қарақалпақ әдебиетінің ең көзге көрінген сөз шеберлерінің бірі. Ақынға әдебиетті дамытудағы және қоғамдық өмірдегі жасаған еңбектері үшін «Өзбекстан қаһарманы» жоғарғы атағы берілді. Ол қарақалпақ поэзиясын бұрын көрілмеген биік шыңдарына алып шықты. Оның поэзиясы замана сазымен азықтанып, қарақалпақ халқының ұлттық әдебиетін дамытты.

Сұрақтар және тапсырмалар

1. Ы.Юсупов өмірі және шығармашылығы хақында қысқаша айтып берің.
2. Ы.Юсуповтың қандай прозалық шығармаларын білесіз?
3. Ақын поэзиясында көбірек қолданылған Шығыс және Батыс поэзиясына тән қандай көркем формаларды білесіз?
4. Ақынның қарақалпақтардың ұлттық рухын, өзіне тән болған өзгешелігін сәулелендіретін лирикалық шығармалары туралы айтып берің.
5. Ақынның басқа халықтар туралы қандай лирикалық шығармаларын білесіз?
6. Ақын поэмалары туралы айтып берің.
7. «Актрисаның тағдыры» поэмасының жанрлық өзгешелігі туралы айтып берің.
8. «Дала армандары» поэмасының жанрлық өзгешелігі, ондағы символдық образдар жөнінде айтып берің.
9. «Отан топырағы» поэмасын оқып шығып және ол туралы айтып берің.

Төлепберген Қайыпберген

(1929 жылы туылған)

Төлепберген Қайыпберген - XX ғасырдың белгілі жазушысы. Ол өзінің көп қана прозалық шығармаларымен қарақалпақ әдебиетін байытты. Оның очерктері, әңгімелері, романдары қарақалпақ ұлттық көркем прозасында үлкен табыстарға ие.

Т.Қайыпберген 1929-жылы 7-майда Кегейлі ауданы аймағында диқан отбасында дүниеге келді. Болашақ жазушы мектепте оқып жүрген уақыттарында-ақ, зерек, талантты оқушы болды. Кейін Хожелі педагогикалық училищесінде оқыды. 1950-жылы Қарақалпақ Мемлекеттік педагогикалық институтының орыс тілі және әдебиеті бөлімінде оқуға түседі. Дәл осы уақыттан оның әдебиетке араласуы басталды. Ол алғаш шағын өлеңдер жазды. Ал ең алғашқы әңгімелері және очерктері «Блокнот сөйлейді» деген жинағында басылып шықты. Оның қазірге дейін «Секретарь», «Мұғалімге рахмет», «Суық тамшы», «Ұйқысыз түндер», «Тек қана өзіме құпия сыр», «Қара дәптер» повестері, «Соңғы шабуыл», «Қарақалпақ қызы», «Қарақалпақ дастаны», «Көздің қарашығы», «Қарақалпақнама» романдары, сондай-ақ тәуелсіздік дәуіріне тиісті «О дүниедегі атама хаттар», «Жүрегімнің камусы (Қалбимнің камусы)», «Түркінама», «Қарақалпақпын, тәуекелшімін» шығармалары, көп сандағы публицистикалық шығармалары жарияланды, олар қазіргі қарақалпақ прозасының бұдан былай да дамуында үлкен маңызға ие болып табылады.

Жазушының 1955-жылы «Почтальон келгенде» атты әңгімесі бірінші рет жарық көрді. Сондн кейінгі жылдары жазушы болып қалыптасты және жоғарыда атап өтілген шығармаларын жазды. Ол көркем әдебиет тарауындағы қызметтері үшін Бердақ атындағы Қарақалпақстан Республикалық, Хамза атындағы Өзбекстан Мемлекеттік сыйлықтарын алды. Мұнан басқа да ол 1986-жылы «Қарақалпақ дастаны» трилогиясы үшін бұрынғы Мемлекеттік сыйлығына, «Қарақалпақнама» роман-эссесі үшін М.Қашқари атындағы дүние жүзілік (Орта Азия) сыйлыққа ие болды. Т.Қайыпберген - Өзбекстан қаһарманы.

Т.Қайыпбергеннің шығармашылығында повестер үлкен орын алады. Мәселен; 1956-жылы жарыққа шыққан «Секретарь», 1958-жылы жарияланған «Мұғалімге рахмет» повестерінің жариялануы қарқалпақ әдебиетінде повесть жанрын дамытуда белгілі орынды иеледі. «Суық тамшы», «Ұйқысыз түндер» повестері көркемдік дәрежесі жоғары, осы жанрдың талаптарына жауап беретін шығармалар болды. Осы екі повестегі Камал және Гүлзар Қарақалпақова образдары қарқалпақ әдебиетінде ең шебер жасалған образдар қатарында тілге алынады. Оларда психологизм мейлінше күшті, кейіпкерлердің рухани жағдайын ашып беруге айрықша көңіл бөлінген. Екі повесть де екінші дүние жүзілік соғыс ақыбеттері, оның адамзат өміріндегі трагедиясы Камал және Гүлзар тағдыры арқылы шебер ашып берілген.

Жазушының 1960-жылдары шыққан «Соңғы шабуыл», Қарақалпақ қызы» романдары қарақалпақ ұлттық прозасында кейіпкер характерінің эволюциясын суреттеуде маңызға ие болған шығармалар қатарына кіреді. «Қарақалпақ қызы» романында кейіпкер характері, психологизмі шебер жасалған. Шығармадағы барлық уақиға Жұмагүл образы арқылы ашып беріледі. Мұнда қарқалпақ қызының құқықсыздық, теңсіздік өмірден еркіндікке ұмтылудағы басып өткен азапты жолы өте сенімді түрде суреттелген, сондай-ақ Зәріпбай, Дүйсенбай, Құтымбай, Тұрымбет, Әйтен молда образдары оқушының назарын өзіне тартады. 60-жылдардың екінші жартысынан бастап «Қарақалпақ дастаны» трилогиясы жариялана бастады. Роман орыс, өзбек, қазақ, түрікмен тілдеріне аударылды. Бұл шығарманы қарқалпақ әдебиетші ғалымдарымен бірге өзбек ғалымы П.Шермұхаммедов, орыс ғалымы Зоя Кедрина, қазақ ғалымы Р.Бердібаев, Т.Дабылова және басқалар зерттеді. Роман үш кітаптан тұрады («Маман би аңызы», «Бақытсыздар», «Түсініксіздер»). Трилогияда қарақалпақ халқының XVIII, XIX

ғасырлардағы тұрмысы тарихи фактілер негізінде көркем шындықпен ашып берілген. Романның бірінші кітабында негізгі орында XVIII ғасырдағы қарақалпақ батыры әрі биі Маман бидің тарихи істері тұрады.

1743-жылы тамызда қарақалпақ елшілері Маман бидің басшылығында патша Россиясына қосылу ниетінде Петербургқа барады. Романдағы барлық уақиғалар міне, осы тарихи шындық айналасына құрылған. Романның сюжеті өте көп жоспарлы. Сюжеттің негізгі жолы Маман би айналасында дамыса, оның кейбір тараулары Әбілқайыр, Мұрат шайық, Амандық, Рысқұл би, Есенгелді, Айғара би тағы басқалардың іс-әрекеттерімен тығыз байланысты. Бірақ олардың барлығы Маман би образының айналасында болып өтеді.

Трилогияның екінші кітабы – «Бақытсыздар» романы. Романда Айдос би, Есенгелді би, Төремұрат супы, Мұхаммед Әмин хан, Мұхаммед Рахим, Бегіс, Мыржық, Құмар, Ырза, төре, Ерназар, Күнхожа т.б. тарихта болған адамдар бар.

Романның үшінші кітабы – «Түсініксіздер» Ерназар алакөздің өз халқының басшысы болып, Хиуа хандығы зұлымдығына қарсы алып барған күрестерін суреттеуге арналған. Романда Ерназар алакөз, Ерназар кенегес, Бердақ ақын, Зарлық, Жанғазы, Қарақұм ишан, Құмар ана, Сайыпназар, Гүлзиба, Теңел, Қалдыбек, Кенжемұрат сияқты образдар берілген. Ерназар алакөз образы қарақалпақ әдебиеті тарихында Маман би, Айдос баба істерін жалғастырушы, өз халқының тәуелсіздігі үшін күрес алып барған батыр, тарихи тұлға болып табылады.

«Маман би аңызы» - роман трилогияның бірінші кітабы. Романда қарақалпақтар өмірінің Жаңадария бойындағы дәуірі және Хорезмге көшіп келуі, бұл жердегі алғашқы күндері суреттеледі. Жаңадария бойында жасап отырған қарақалпақтар қазақтардың Кіші жүзінің ханы Әбілқайырдың қол астында болады. Әбілқайыр бақылау және басқару үшін оларға Ғайып деген кісіні жартылай хан етіп қояды. Қарақалпақтар Әбілқайырға көп салықтар төлеп, азап көргендіктен, рулардың басшы- билері бұл азаптан құтылудың жолдарын іздей бастайды. Олар әр жаққа тарап кеткен қарақалпақтарды бірлестіріп, күшті халық болуды мақсат етеді.

«Бақытсыздар» романы «Қарақалпақ дастанының» трилогиясының екінші кітабы. Бұнда қарақалпақ халқының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы өмірі суреттеледі. Роман сюжетінің ортасында халқымыздың тарихындағы белгілі тұлға-Айдос би тұрады. Осы образды жасау үшін жазушы Бердақтың «Айдос баба» шығармасындағы Айдос образына және тарихи шындыққа сүйенеді. Айдос би Хиуа хандығына сүйеніп қарақалпақ хандығын құрмақшы болады. Ол өз мақсатын орындау үшін Хиуа хандығына барынша жарамсақтанады. Бірақ Қоңырат қаласының әкімі Төремұрат сұпы Хиуа хандығынан тәуелсіз Қоңырат әкімдігін түзуге әрекет жасайды. Елдің ішінде екі басшы ортасында қарама-қарсылық шығады Айдостың екі інісі Бегіс пен Мыржық - Төремұрат сұпы жағына өтеді. Хиуа ханынан адамдар келіп Айдосты қолдаған болып, Төремұрат сұпы ләшкерлеріне қарсы ұрыс жүргізеді. Осы соғыста Айдос інілері Бегіс пен Мыржықты өлтіреді. Айдос мұнан кейін де қарақалпақ билерін біріктіріп, тәуелсіз мемлекет түзбекші болады. Бірақ билер бірікпейді. Бұл Айдостың өлуіне себеп болады.

Романның бас кейіпкерлері Айдос би, Төремұрат супы, Бегіс, Мыржық, Құмар т.б.. Айдос ойшыл, өз халқының тағдырын тереңнен ойлай алатын адам. Ол өзінен бұрын жасаған Маман бидің («Маман би аңызы» романының бас кейіпкері) Ресейге қосылып тәуелсіз мемлекет құру жөніндегі идеясы амалға аспағаннан кейін, Хиуа хандығына сүйеніп тәуелсіз қарақалпақ мемлекетін жасамақшы болды. Бірақ хан оны алдайды. Ол қала салу, егін егу мәдениетін дамытады. «Мейірім-шапағат күні» деген бір-біреуге қамқорлық көрсететін күнді ойлап шығарады. Бірақ халықты ізіне көп ерту, ауызбіршілікті, тау-тәтті болудың жолын таба алмағандықтан, халық көтерілісі жеңіліске ұшырайды.

Романдағы Бегіс және Мыржық образдарының мазмұны және мақсаты бойынша бір-біріне жақын. Екеуі де - Айдос бидің туысқан інілері. Екеуі де аңқау және өжет. Қоңырат

биі Төрөмұрат сұпының сөзіне еріп, өзінің туысқан ағасы Айдосқа қарсы шығады және оның қолынан өледі.

Төрөмұрат сұпы бейнесі - сұм, айлакер және тәкаппар адамның образы. Ол Қоңырат хандығын құру арқылы өзінің қолында халық билігін ұстап тұрғысы келеді. Ол бұл мақсатын амалға асыру үшін, сұмдық және айлакерлікпен Бегісті өзінің әскерлеріне басшы етіп қояды және бұл арқылы туысқан ағасы Айдос пен оның арасына от салады. Бірақ Бегіс өлгенде, оның өліміне қиналмайды. Орнына Айтмұрат қызыл бетті оңай ғана әскербасы етіп тағайындайды. Қарқалпақ қыздарын Қорасан байларына аттарға алмастырады. Бірақ бәрібір Қоңырат хандығын түзу жөніндегі мақсатына ерісе алмайды. Тек Айдостың тәуелсіз Қарақалпақ мемлекетін түзу жөніндегі идеясына қарсы шыққаны шығармада көрініп қалады.

Құмар ана образы – жазушының үлкен табысы. Ол ақылды, салмақты, сабырлы әйел, атақты Есенгелді мәхремнің қызы. Қайнағасы мен күйеуі Мыржықтың арасындағы, Төрөмұрат сұпымен Айдостың арасындағы ала ауыздықтардың алдын алуға әрекет етеді. Барлығын да өз орнымен сыйлайды. Өзінің әйелдік ар-намысын барлық жерде де қорғай біледі.

«Түсініксіздер» романы - трилогияның үшінші кітабы. Бұл роман негізінен аты тарихта аңызға айналған Ерназар алакөздің өмірін және ол жасаған дәуірдегі қарқалпақ халқының тарихын суреттеуге арналады. Романда Ерназардың жігіттік дәуірінен бастап, халық көтерілісінің басшысы болып, көтерілісшілер ыдырап, жеңіліп, Ерназардың өлуіне дейінгі көп жылдық оқиға суреттеледі.

Ерназар алакөз бұл – «Бақытсыздар» романындағы Айдостың інісі Мыржық пен келіні Құмардан туылған бала. Ол жасынан-ақ ақылды, сөзге шешен, балуан және ержүрек болып өседі. Ерназар би билік амалын Маман би мен Айдос баба идеялық негізін салған қарақалпақ хандығын түзу үшін пайдаланады және орыс патшалығынан көмек сұрамақшы болады. Ерназар алакөз бұл арманына еріседі. Қарақалпақ хандығын түзеді. Зарлық төрені хан қылып сайлап, өзі бас уәзір болады. Хиуа хандығы бұл жас хандыққа қарсы әскери топылыс жасайды. Күресте жас хандық жеңіледі. Ол ғылым, білім үйренсін деп бірнеше қарақалпақ балаларын (Теңел, Қалдыбек) Ресейге жібереді.

Романның басты кейіпкерлерінің бірі - Қарақұм ишан (Түрки ахун) әрекеті «Бақытсызлар» романында басталса да, «Түсініксіздер» романында өте айқын болады. Ол екі жүзді адам. Керек жерінде ұрылармен де шерік болады. Ол Ерназарды көп алдайды. Оның негізгі мақсаты Хиуа хандығы арқылы исламның үстемдігін сақтау. Хиуа хандығы құрамында және қарақалпақтар арасында орыстардың ықпалын өткермеу.

Т.Қайыпбергеновтың **«Көздің қарашығы»** романы тарихымызда «тұбалаушылық жылдары» деп аталған дәуір шындығынан алынған. Романның басты кейіпкерлері-Дәулетов және Сержановтар. Дәулетов совхоздың жаңа директоры, ал Сержанов болса ескі директоры. Романда сол жылдары орын алған қосып жазулар, мансап иелеу үшін әрқандай қылмысқа ұмтылу, жарамсақтану сыяқты індеттер, экология машқалалары сөз етіледі.

«Қарақалпақнама» роман-эссесі бүгінгі әдебиеттің жоғары көркемдік және идеялық талабынан туған.. Автор романда мифтерді, аңыздарды, дидактикалық пікірлерді эволюциялық жолмен тұрмыстық материалдарға араластырып суреттейді.

Т.Қайыпбергеновтың жоғарыда аталған шығармалары тек қана қарақалпақ прозасында ғана емес, ал бүкіл түркі әдеби-эстетикалық ой дүниесіне үлкен жаңалық болды. Бұл шығармалар ұлттық-эпикалық және XX ғасыр реалистік прозасының дәстүрлерінің принциптерін бір-біріне синтездестіріп, оларды қазіргі шешілуі тиіс машқалалардың көркем жылнамасын түзуге қызмет еттіруге деген жазушының ұмтылысынан шыққан. Ал, бұл шығармаға М.Қашқари атындағы дүние жүзілік сыйлықтың берілуі тәуелсіздік жылдарындағы қарақалпақ прозасында үлкен уақиға болды.

Т.Қайыпбергеновтың «Қарақалпақпын, тәуекелшімін» шығармасы жазушының өмір тәжірибесі, оқыған және көрген оқиғалары, фактілері негізінде жазылған шығарма. Ол оған 999 сұраққа жауаптан және жастарға деген 99 насихаттан құралған.

Т.Қайыпбергенов белгілі қарақалпақ жазушысы, XX ғасыр қарақалпақ прозасының жетекшілерінің бірі болып саналады.

Сұрақтар және тапсырмалар

1. Т.Қайыпбергеновтың қарақалпақ әдебиетіндегі орны туралы.
2. Жазушының алғашқы әңгімелері.
3. «Секретар», «Мұғалімге рахмет» повестері жөнінде айтып берің.
4. «Ұйқысыз түндер», «Бір суық тамшы» повестерін оқып шығың, оған сипаттама берің.
5. Жазушының «Қарақалпақнама» роман- эссесінің жанрлық өзгешелігі туралы не білесіз?
6. «Қарақалпақ дастаны» роман трилогиясының үш кітабы жөнінде, олардағы тарихи шындық, тарихи образдар туралы айтып берің.

Қазіргі проза жанры, ондағы қарақалпақ және қазақ әдебиеттерінің байланыс мәселелері. Т.Қайыпбергеновтың тарихи романдары.

Қазіргі дәуірде қарақалпақ прозасының кең құлашпен дамып, әдебиетіміздің жетекші жанрына айналғандығын, бірнеше повесть, романдардың оқушыларға жақсы танылғанын айтқан едік. Міне, осы прозаның танылуына оның таланты өкілі Төлепберген Қайыпбергеновтың салмақты үлесі бар.

Өзінің шығармалары үшін Т.Қайыпбергенов Өзбекстанның Хамза атындағы, Қарақалпақстанның Бердақ атындағы республикалық сыйлықтардың иегері болды.

Т.Қайыпбергенов-әдебиетке 50-жылдардың орталарынан бастап араласа бастады. Алғаш Нөкіс районында ауыл мұғалімі, соң Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық институттың студенті болған, институты біткергеннен кейін радио, баспа сөз орындарында қызмет жасап, ол әдебиетке ең алғаш ауыл тақырыбы, мектеп тұрмысы жөніндегі шығармаларымен келді. Оның «Мұғалімге рахмет», «Суық тамшы», «Ұйқысыз түндер» повестері, «Соңғы топылыс», «Қарақалпақ Зызы» романдары өз уақытында белгілі болды. Кейін жазып бітірген «Қарақалпақ дастаны» (үл кітап) тарихи роман жанрындағы белгілі шығарма болып табылады.

«Қарақалпақ қызы» романы. Бұл роман Т.Қайыпбергеновтың шығармашылығында салмақты орынды иелейді.

Атынан көрініп тұрғандай-ақ роман әйел-қыздар тақырыбына арналған. Онда қарақалпақ әйел-қыздарының Адам шыдамас ауыр тұрмысы, барлық қоғамдық тұрмысқа араласуы тарихи уақиғаларымен олардың сана-сезімінің, тұрмыстағы белсенділігінің өсіп қалыптасу процесі терең бейнеленген.

Автордың да мақсаты қарақалпақ әйел-қыздарының басып өткен жолын суреттеу.

Романның ортасында-Жұмагүлдің образы тұрады.

Ол жастайынан тұрмыстың барлық азабын шегеді. Романда ең алғаш оны біз анасы Сәнеммен бірге баспанасыз, аш-жалаңаш, киім-кешексіз тұрмыс азабына оранған күйде ұшыратамыз: байлығына семірген, адамгершіліксіз зұлым әке Зәріпбай өз әйелі Сәнемді айыпсыздан айыпсыз таяққа жығып, кішкентай қызы Жұмагүлмен үйден қуып жібереді. Осылайша жаптайынан ол зұлымдықтың соққысына ұшырайды. Ауыру анасымен бірге ауыр тұрмыстың мейірімсіз айдауына түседі, кезіп, диуанашылық қылады, тек белі ғана бүгіліп емес, жүрегі де жабығып, кемсіту, қорлаудың рухани азабын шегіп тіршілік етеді. Ол бойжеткен сайын шеккен азабы да үлкейіп бара береді.

Бұл азаптар сонымен оның көзін ашып барады, оның жүрегінде наразылық отын тұтандырады. Бұл наразылық бірінші рет Жұмагүлдің жарлы болса да, талапсыз әйел болып, анасының тапқан-тұтқанын жеп, байдың жалпылдағы болып өскен күйеуі Тұрымбеттің өзін күнде ұрып-соғуына қарсы тұруынан басталады. Бұл қарсыласу-тұтас өмірге наразылықтай сезіледі.

Бірақ, ол дәуірде өзіндей өмір азабын шеккен басқа әйел-қыздар сияқты Жұмагүл өзі наразы болған тұрмыс тәртіптерін сындыруға күшсіз еді. Ол да анасы Сәнемнің тағдіріне дүс болады, жалғыз баласымен дүзде қалады. Жұмагүл әйел-қыздарды қоғамдық тұрмысқа Тарту үшін саналы күресшіл болып өсіп жетіліседі.

Жұмагүлдің басып өткен жолы-бүкіл қарақалпақ әйел-қыздарының басып өткен жолы. Оның осы жағын жан-жақты көрсету үшін романда суреттелген уақиғалар халықтың басынан өткен тарихи шындық.

Жазушы бейнелеген тұрмыс шындығына сәкес романда басқа да көптеген кейіпкерлер әрекет жасайды. Бұлар ұнамды суреттелген Сәнем, Тұрдыгүл, Төребай, Айтбай, Бибіайым, Қали ж.т.б.

Бұлардың екінші тобы жазушы әшкерелеу жолымен, жек көрушілікпен суреттелген шығарманың ұнамсыз қаһармандары Зәріпбай, Дүйсенбай, Құтымбай, Тәжімұрат, Ханымгүл, Тұрымбет, Тәңірберген машыншы, сондай-ақ Гүлбике ж.т.б.

Бұлардың әрқайсысының романның идеясын ашуда, тұрмыс шындығын, адамдар арасындағы қатынастарды барлық кеңдігімен ашып беруде өз орындары бар.

Жұмагүлдің анасы Сәнемнің көрген азаптары өткен дәуірдегі әйел-қыздардың Адам шыдамастық қорлықты өмірін көрсетумен бірге, ол қандай қиындық болса да, жақсы күннен үміт үзбеген халық тілегін баяндайды. Мейірімді анна неше түрлі машақаттардан да күшті келіп, перзанті Жұмагүлді аяғына тіктейді, онда жақсы үміттерді және жақсы адамгершілікті қасиеттерді тәрбиелеуге ұмтылады.

Жазушының «Көздің қарашығы» деп аталатын романы «тұбалаушылық жылдары» деп аталған дәуір шындығынан алынған. Романның бас кейіпкерлері Дәулетов және Сержановтар. Дәулетов колхоздың жаңа директоры, ал Сержанов болса ескі директоры.

Дәулетов алғаш колхозға уәкіл болып келді. Ол республика көлеміндегі жиналыста колхоздың кемшіліктерін айтады. Кейін өзін осы колхозға директор етіп жібереді. Ол енді қосып жазуларға, жырып жеушілерге қарсы күрес атқарады және бұл күресте жеңіске еріседі.

Сержанов колхоздың бұрынғы директоры. Ол мақтаны сатып алу арқылы орындайды. Өзінің айналасына жалатайларды, жермендерді жинайды. Колхоздың жаңа директоры Дәулетовқа да жамандық жасауды ойлайды. Бірақ қолынан келмейді.

Автор романда мифтерді, аңыздарды, дидактикалық пікірлерді, автордың өмірімен шығармашылығының эволюциясына байланысты тұрмыстық материалдарды араластырып суреттейді.

Автордың туған елді, оның өзгешелігі, халық данышпандығы, жақсылық пен жамандық, әдеби шығармашылық психологиясы, ұлттық және интернационалдық, Адам және өмір, Адам және қоғам, еңбек және Адам, дәстүр және жаңашылдық, жанр және сюжет, әдебиет пен ұлт, жеке Адам тағдірі, халықтар, ұлттар тағдірі және оның жалпы адамзат тағдірімен байланысы т.б. ой-пікірлер автордың өмірі мен жеке шығармашылық эволюциясына байланысты суреттеледі.

Сонымен бірге бұл шығарма өзіне тән және ұлттық өзгешелікке ие. Біріншіден, автордың жеке шығармашылық эволюциясымен бірге республикамыздағы көркем ойдың өсуін береді, екіншіден, ұлттық фольклорлық материалдарды пайдалануы бұл романның өзене тән және ұлттық өзгешелігін көрсететін басты факторларының бірі болып саналады. Автор өзінің жеке өміріне, шығармашылығына, өзі өскен қоғамдық өмірге мемуарлық элементтерді де шығармаға орынды кіргізген. Соңғы жылдары Т.Қайыпбергенов «О дүниедегі атама хат», «Қалбiмнiң қамусы» атты шығармаларын да жазды.

Т.Қайыпбергенов көптеген публицистикалық мақаларды жазып, оларда бүгінгі күннің ең көкейтесті мәселелерін қозғаған.